

Әр тарап – әрқилы кеңес

Журналист Ая Өміртаймен сұхбат. 8. XI. 2023

– Аға, сұхбатқа келісім бергеніңізге көптен-көп рақмет! Әуелде, енді сұхбат беремін, деп келіскен кезде тосылып қалдым. «Мен айтатын дүниемді өзім жазамын», деуші едіңіз. Күтпеген сұхбат болып отыр біз үшін.

– Көп рақмет. Мына «Халық үні» арнайы жіберіп отыр екен өздеріңді. Мен жалпы теледидарға шыға беруге көп құмарлығым жоқ. Көбіне сұхбат бермеймін, өте сирек. Өйткені ол сөз артынан тексеруге түсіп жатады, қысқарып жатады кейде. Жазғанның жөні бөлек. Ал енді мен өмір бойы ойымды, ойдағы сөзімді іркіп көргем жоқ. Арғы заманда кішкене астарлап, әртүрлі жолмен жеткізетінбіз, жазу арқылы. Ал енді отыз жылдан асты, тіпті тәуелсіздіктің алдында, 88-89-жылы ма, «перестройка» деген болды ғой, «қайта құру» деген, сол кезден бастап айтатынымды еркін айтып келе жатырмын. Мен үшін ешқандай тыйым тақырып жоқ. Сондықтан сұрақтарыңды еркін қоя беріңдер. Даусым қарлығыңқырап тұр, бірақ ой жүйесіне оның бөгеті бола қоймас. Сөйлеп шығармыз бірер сағат.

– Жақсы...

– Еркін әңгімеден мен ешқашан қашпаймын.

– **Отбасыңызбен Түркияға қоныс аударды дегенде, қуанғандар көп болды. Қоныс құтты болсын, дейміз.**

– Айналайын, рақмет.

– **Әу баста, мұнда келгіңіз келмеген деп естідік. Қазір қалай тұрып жатырсыз, ұнады ма?**

– Ол былай. Біз баяғыда өкінетін тұғынбыз. Едігенің соңында еріп жүреміз ғой. Қайда барса да, алып жүреді. Мына «Азаттық» радиосында қызмет атқарды. Германияда, Мүнхенде. Содан «Азаттық» радиосы Прагаға көшті, Чехияға. Басында бір жоспар бойынша, Түркияға көшуі керек екен. Сонда қатты өкіндік, Түркияға, туысқан елге бармағанымызға. Одан енді Прагада тұрдық. Мен 6-жылы [2006], декабрьде кеттім елден, міне он жеті жыл болды ғой эмиграцияда жүргеніме. Ауылға барып тұрамыз. Бірақ соңғы бес-алты жылда әлі барғаным жоқ. Ат ізін салғам жоқ. Енді Америкадан келіп жатырмыз. Ауылдағы жұрт та құттықтап жатыр. Алыс-жақын жердегі қазақтар келіп-кетіп жатыр. Бірақ шын мәнісінде, мен Түркияға толық қоныс аудардым деп есептемеймін өзімді. Жарты аяғым Америкада тұр әлі де. Өйткені, біріншіден, онда үш немереміз бар. Бір немереміз Сан-Францискода, екі немереміз сондағы Вашингтонның түбіндегі Силвер-Спринг деген қаладағы үлкен үйімізде. Енді бір немереміз Лондонда, бір кішкентай немере Тоқай-Темір осында келді. Мен оны Едігенің үйіне қатысты айтып тұрмын. Ал енді Құдайға шүкір, немерелердің ұзын саны жиырмадан асады, шөберелер бесеу, алтау. Әлі көбейе берер, тәуба. Бұл Америкада, кетпеймін дейтінім, үлкен үйіміз тұр,

жаңағы екі немереміз тұрып жатыр сонда. Америкада Силвер Спринг, Вашингтоннан жиырма минуттық жерде. Менің үлкен кітапханам осы үлкен үйде.

– **Алматыдан көшіріп әкеттіңіз бе?**

– Бүкіл архив сонда. Оның бәрін [енді Түркияға] көшіріп жеткізу деген қиын нәрсе. Және қажеті де жоқ. Сондықтан ол жаққа барып тұрамын, деп ойлаймын. Мүмкін айлар бойы барып, бірер жылдан соң барып, жұмыс істермін. Мында көшкім келген жоқ, өйткені Америка маған өте қатты ұнады. Еркін ел ғой, дүние жүзілік еркін ел. Әлемнің тұтқасы болып отырған, қалай дегенмен де. Оның үстіне, мен «Алтын Орда» деген кітабымды жазып жатыр едім, соны бітірмей ешқайда бармаймын дегенмін. Негізі, жоспар бойынша декабрьде бітіп қалсам, жақсы болады деп едім, енді тура екі жыл болғанда, 21-ші жылы 6-шы... 7-ші сентябрьде бастадым ғой деймін. Ал биыл 6-шы сентябрь күні біттім, тура екі жыл дегенде. Содан соң барып, келіміз келіп еді, Алтын келімі, мен декабрьде бірақ көшемін дегенмін, көшсем; содан бірден айттым, «Алтын Орда» бітті, енді барамыз деп. Сонымен осында келдік, әзірге кабинет, ештеңе жабдықталған жоқ, әлі үйрене алмай жатырмын. Сосын бір үлкен жұмыстан кейін шаршау деген болады. «Алтын Ордамен» мына ежелгі тарих тәмамдалады. Бұдан бұрын «Шыңғыс ханның» төрт кітабы жазылды. Одан бұрын тәуелсіздіктің алғашқы бір-екі жылында «Қазақ тарихының әліппесі» жазылды. Енді «Алтын Орда», сол екі ортаны толтырады. Сонда қазақтың мыңжылдық тарихы түгел қамтылып отыр. «Алтын Орда» енді дайын, соңғы редакциясын қарап жатырмыз. «Жұлдыз» журналына ұсынамын деп отырмын. Содан кейін Америкада бастырамыз, Қазақстанда басылып жатуға тиіс тағы да. Басында менің көңілім толықырамап еді, негізгі кітаптардың бірі болайын деп тұр. Өйткені біздің тарихымыз Алтын Орда, арғы замандағы Шыңғыс хан біздің тарихымыз. Ұлұғ ұлыс. Алтын Орда – кейінге жалғастыратын, Түрік қағанатымен, Шыңғыс хан дәуірімен Қазақ хандығын жалғастыратын уақыт. Өзгеше, ғажайып тарих, ғажайып заман болған, ғажайып мемлекет болған. Сондықтан, тұтастай алғанда, мен жұмысыма өзім қанағаттанып отырмын.

– **Алтын Орда туралы жазып бітірдің, дедіңіз. Жарыққа шығуға аз қалды деп отырсыз. Алтын Орда туралы бұрын-соңды кімдер жазды? Және соның ішінде сіздің көңіліңізден шыққан авторлар бар ма?**

– Алтын Орда бұрыннан жазылып келе жатыр. Бірақ дұрыс, жақсы Алтын Орданың тарихы жазылған жоқ әлі күнге дейін. Хаммер Пургшталь деген болған, сол жазған арыда, ол енді үстірттеу тарихы, арғы уақыта көп нәрсе жетпей жатқан. Кейінгі тарихшылардың ішінде шетелде Шпулер жазған. Ал енді орыс тарихында Алтын Орданы тек қана күстаналап, тек қана жамандап: «Мәдениеті болған жоқ, бұл паразит мемлекет болды», солай деп келді ғой орыс осы уақытқа дейін. Бірақ мына еркіндік заман келгеннен кейін, Совет өкіметінің құлауға тақап, қыспақ азайған кезінен, орыс ғалымдары шындап кірісе бастады. Одан бұрын да жазылған бірлі-жарымды жақсы еңбектер болған. Федоров-Давыдов деген тарихшының,

одан арыда Баллод деген тарихшының жазғаны болған, кітаптары шыққан. Қазба жұмыстары. Енді 80-ші жылдардың аяғынан бастап, Алтын Орда тақырыбына Ресей тарихшылары жақсы еңбек ете бастады. Ең бастысы, бұл тарапта біздің татар ағайындар, өте белсенді қимыл жасады, өте батылдық жасады. Татарстан әлі күнге тәуелсіздік алған жоқ, бірақ татардың еркін ойы Алтын Орданың тарихын қайтадан қалпына келтірді, деп айтамын. Мирқасым Усманов деген тарихшы болған. Оның әкесі, шешесі Қазақстанда туып өскен. Өзі эмиграцияда туған Қытайда. 1955-ші жылы қайтып келіп, Қазақстанда біраз тұрған. [Орта мектепті қазақша оқыған.] Кейін Қазан университетіне түсіп, бітіріп, одан кейін Қазан университетінің профессоры болды. Осы Мирқасым Усмановтың бастауыменен Алтын Орда тарихы қайта қалпына келді. Өзі қайтыс болып кетті, 10-ші жылы ғой деймін. Ісін ары қарай жалғастырып жатыр. Енді татар ғалымдарының кейбір нәрселеріне келісе беруге болмайды. Мен оны қазбалағам жоқ. Алтын Орданың болғанын, оның жоғары мәдениеті болғанын, үлкен мемлекет болғанын көптеген деректер арқылы дәйектеді. Конференциялар өткізді, шетелдің ғалымдарын қатыстырып, көптеген кітаптар шықты, жинақтар шықты. Оң бағытта Алтын Орданың зерттелуіне татар ғалымдарының еңбегі ерекше болды. Ал біздің қазақта жазғандар бар. Тұрсын Сұлтанов жазды, тағы басқа тарихшылар. Мен енді қазақ тұрғысынан қарап, Алтын Орданы мүлде басқаша жазып шықтым ғой, деп ойлаймын.

– Енді оқырман қауымы үшін нақты қандай жаңалығы бар және бұрын-соңды кездеспеген бір-екі деректі айтып беріңізші.

– Бұл – көп әңгіме. «Жұлдызда» бірінші санынан бастап басамыз деп отыр. Енді мүлде басқа көзқарас. Бір ғана нәрсені айтайын. Қалыптасқан бір пікір бар. Қыпшақ мемлекеті «Дәшті Қыпшақ» болды ғой, Қазақстан жерінде. Бұл – Шығыс Дәшті Қыпшақ. Ал X ғасырда Еділден өтіп барып, Дунайға дейінгі аралықты түгел алды. Оңтүстік, Киевтен бірер жүз шақырырым жер, бүкіл оңтүстік, қазіргі Украинаның жерінде түгелдей орнады. Дунайға дейін барды, Молдавияның жерін басып, қазіргі Одесса тұрған жердің бәрін. Сондай үлкен тарих қамтылмай қалып тұр, үлкен тарих қамтылмады, жазылмады. Қазақтың Алтын Орданы жазған бұрынғы тарихшылардың бәрі бізді басып алды дейді, Қазақстан тарихында солай жазылған, Қазақстанды басып алды, моңғолдар дейді. Моңғол емес олар. Содан кейін моңғолдар келіп Батыс Дәшті Қыпшақты басып алды, дейді. Ал бұлардың «моңғол» деп отырғаны – шығыс түріктері. Шығыс түріктері – бұлар кәдімгі, қазір қазақтағы керей, найман, жалайыр, қоңырат, күрлеуіт, қоралас, тағы басқа рулар. Сонда Бату ханның, Шыңғыс ханның кезінде алды Шығыс Дәштіні, қыпшақтар отырды мұнда, ал енді Бату ханның кезінде Батыс Дәштіні алды, сол кезде әл Омари деген тарихшының жазғаны бар, мысал боп кеткен: « Моңғолдар келіп жаулап алды Дәшті Қыпшақты, біраз уақыт өткеннен кейін табиғат пен жер жеңіп, келген моңғолдардың бәрі қыпшақ болып кетті», дейді. Ал онда келген моңғолдар қыпшақ болып кетті деп отыр, жаңа мен айтқан керей, найман, жалайыр, қоңырат және басқа рулар, көбі үлкен рулардың арасына сіңісіп

кеткен, жаңағы қоралас, күрлеуіт, оймауыт деген сияқты рулар. Шын мәнісінде, бұл Түрік қағандығы ыдыраған кезде, IX ғасырда, алдыменен оғыздар кетті ғой. Оғыз тайпалары кетті, олар кеп, Қазақстан жеріне Сырдарияның бойына орнады. Қыпшақтар IX – X ғасырда Ертістің бойына кеп орнады. Сол біраздан кейін барып қыпшақтар батысқа қарай жылжып, оғыздарды Сырдариядан ығыстырып шығарды. Бұл жөнінде эпоста да, бәрінде де бар. Сонан Дәшті – түгел қыпшақ болды. Оғыздың кейбір рулары қазақта қалып қойды. Мысалы, «аққойлы, қарақойлы» деген сияқты рулар. Бәрі сіңісіп кетеді ғой. Содан соң X ғасырда Еділден өтіп барып, Батысты алды. Сонда жаңағы бұлар «моңғол» деп отырғанының бәрі – шығыс түрік рулары. Әңгімесі көп оның, олардың айтуынша, әуел баста Түрік қағанаты болды, бірақ Түрік қағанатын моңғолдар жаулап, моңғол тектілер жаулап, олар түгел моңғол болып кетті, дейді. Сосын бірекі жүз жыл өткеннен кейін қайтадан түрік болды, дейді. Ешқандай қисыны жоқ нәрсе. Рашид ад-Дин тарихынан, бәрінен көрініп тұр, бұл – Шығыс қағанаттан кейін қазіргі Моңғолияның жерін жайлаған рулардың барлығы – түрік рулары болды. Шыңғыс хан түрік текті рудан шыққан. Енді оның бәрінің айта берсе, әңгімесі көп. Айта берсе, таусылмайтын әңгіме. Соны, бір сөзбен айтқанда, бұл шығыс түріктері мен батыс түріктерінің [айырымы азғана]. Шығыс түріктері – «татар» атанды. Шығыс түріктері татар мен батыс түріктері қыпшақтардың қосылуы арқылы, соның нәтижесінде Алтын Орда қалыптасты. XIII ғасырда, осы негізде қазақ халқы қалыптасты. Енді ол менің жазғанымның ішінде бәрі бар, түгелдей толық қамтылды. Алтын Орданың толық тарихы жазылды, деп ойлаймын. Ол қазақ тұрғысынан ғана емес, әділетті тұрғыдан, объективті тұрғыдан, шын мәнісіндегі, Алтын Орданың тарихын біз жазып шықтық. Әрине, айтқанымдай деректерге сүйене отырып, бұрынғы деректерге сүйене отырып, содан кейін барып, кейінгі ашылған жаңалықтарға қарап отырып.

– **Екі жыл жұмсадым дедіңіз бе? Қалай жазылды «Алтын Орда»?**

– Жалпы «Алтын Орданы» жазу біраз қиындыққа түсті, «Шыңғыс ханнан» гөрі. Өйткені материал көп. «Шыңғыс ханда» бір жағынан түсіп, екінші жағына шығуға болады, бірте-бірте. Ал мында сол бар нәрсені қорытып, жаңаша жасау керек. Басында мен екі кітап болады деп ойлағанмын. Есептеп келгенде біріншіден, өмір шектеулі, сексеннен астық, Тәңірдің қолында бәрі. Екіншіден, бір кітапқа сыйғызам деп жаздық. Сонда бес жүз беттік жақсы толымды кітап болды.

– **«Шыңғыс хан» – сыртта жүріп жазылған шығармаларыңыздың бірі, төрт томдық. Осыған аттай жеті жыл уақытыңызды арнаған екенсіз. Жалпы осы аталған еңбекті академиялық орта қаншалықты бағалады?**

– Енді былай, мен 6-шы [2006] жылы декабрьдің аяғында көшіп келдім. Одан бұрын Прагадағы баланың үйінде айлап тұратын тұғым, екі айдан, үш айдан, жыл сайын. Содан кейін, келгеннен кейін барып бір аптадан соң, алдыменен қол жазу үшін, бір әңгіме жаздым. «Менің түрлі түстерім» деген. Содан кейін «Жармақты» жаздым. «Жармақты» 19 күнде... 18 күнде

жазып бітірдім. Бір күн демалыс жасап, 19 күнде көшіріп біттім. Менің елеулі шығармаларымның бірі.

Енді бұл «Жамақтың» жағдайын қазіргі біздің сынап жүргендер түсініп жатқан жоқ. Жақсы мақұлдағандар болды, мақұлдамағандар болды. Бұл енді мінсіз шығарма деп айтам. Ол мінсіз шығарма дегенді астамшылық деп қарауға болмайды. Мысалы үшін Моцарттың симфониялары, Бетховен симфониялары мінсіз ғой, сол сияқты әлем әдебиетінде мінсіз шығармалар бар. Содан соң барып, шығармалар жинағын дайындаймын деп қарасам, әңгімелер үш том болуға тиіс еді, соның үшінші томы толмай тұрды. Жарты жыл отырып, үш-төрт ай отырып, жарты томды толдырдым, әңгімелер үш том болды. Содан соң барып енді «Шыңғыс ханға» кірістім. Ол былай... жеті жыл деген көп уақыт емес, «Шыңғыс ханның» немесе «Алтын Орданың» бір кітабын жазу үшін он жыл уақыт керек. Өйткені алдын ала дайындық керек. Мен енді көзімді ашқаннан бастап, дайындалдым деп айтуға болады. Тоғыз жасымда Янның «Шыңғыс хан» деген романын оқыдым. Атақты роман. Содан кейінгі уақытта университетте Алтын Орданың, түрік халықтарының тарихын тереңдей таныдым. Сол дайындық кезеңінің өзіне бәленбай уақыт кетер еді. Бізде қазір тарихшылар көбейіп кетті. Бір-екі кітап оқып алады да, жазады. Сол батыстың тарихында да оңып тұрған ештемесі жоқ. Онда да шалағай, Шыңғыс ханға байланысты. Еке Моғұл ұлысы, Моңғол емес, Моғұл ұлысының тарихына байланысты бір-екі кітап оқып алады да, жазады. Шалағайлық өте көп, қате деректер өте көп. Ал енді «Шыңғыс ханды» дұрыс жоспарладым деп ойлаймын. Басында үш кітап деп едім, артынан жаза келе төрт кітапқа жоспарладым. Бірінші кітап – экспозиция, Шыңғыс ханға дейінгі түрік халықтарының тарихы. Шыңғыс ханның алдындағы жағдай. Болашақта Шыңғыс хан соғысатын Қытай империясы: Оңтүстік Қытай – Сұң империясы, Солтүстік Қытай – Шүржен империясы, Таңғұт – үш ұлы мемлекет болды, солардың тарихын шолып, алдағы уақытта жолымды ашып алдым да, сосын екінші кітаптан бастап, Шыңғыс ханның туғанынан бастап, туғаннан бұрынғы әкесі мен шешесінің алғаш қосылғанынан бастап жаздым. Бірінші кітап Қытайды жаулауменен аяқталады, Жетісуды босатуменен. Енді Шыңғыс ханның Ұлы жоспары бойынша «киіз туырлықты» халықтарды түгел біріктіру деп айтылған. Ол кезде моңғол текті ұсақ бір рулар болды, бәрі де түрік текті үлкен рулар. [Ұлы далада] үлкен патшалық болып тұрды ол кезде түрік рулары. Керей өз алдына патшалық, Найман өз алдына патшалық, Меркіт өз алды патшалық, Татар өз алдына патшалық – төрт ұлы мемлекет болды. Осы төрт мемлекеттің басын қосу керек еді. Ондағы негізгі мақсат – Қытайға қарсы тұру.

– **Иә бір сөзіңізде айтасыз, Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең үлкен тұлғалардың бірі, біздің ең үлкен мақтанышымыз. Қытай экспансиясын бес жүз елу жылға тоқтатты деп келтіресіз.**

– Одан бұрын арабтар тоқтатқан. 751 жылы Таластың түбінде үлкен соғыс болды. Сол кезде Қытай әскері мен Араб әскері үш күн соғысып, жеңісе алмай, төртінші күні біздің түргеш-түріктер келіп, ойлап отырған, қайсысы

пайдалы, қайсысы зиян деп, сосын арабтарды жақтап барып Қытайды талқандады. Содан кейін, бұл 751-жыл, тура мың жылға Қытай кейін шегінді. Содан кейін шекарадан өтуі – 1755 жылы, ал енді мына екінші мыңжылдық басында Шығыс атырапта Қытайдың үстемдігі болды. Бодан болып тұрды, Түрік қағанаты құлағаннан кейін, шартты бодандықта болды, қырғындар да болды әр түрлі. Шыңғыс ханның негізгі мақсаты – түрік руларының басын қосып, қытай экспансиясына қарсы тұру болды. Оны орындады. Енді 1206-шы жылы Шыңғыс хан Ұлы қаған болып жарияланды. 11-ші жылы соғыс бастап, Қытайды қиратты ғой, 15-ші жылы біржола жеңді. Содан соңғы мақсат – мұны бұрынғы-соңғы тарихшылар байыптаған жоқ, мына батыстағы Дәшті Қыпшақ, қазіргі Қазақстан жеріндегі қыпшақтарды, түрік тектілерді, Еділдің ар жағындағы Дунайға дейінгі түрік текті халықтарды қосып алу, бүкіл түрік текті халықтарды бір империя, бір мемлекет құрамында ұйыстыру болатын. Жошыны жіберді, Дәштіні жаулауға, Сүбітай-бахадүр екеуін, бұл 17-ші, 18-ші жылдары. Осы кезде Хорезмменен, Хорезм – ұлы мемлекет болды. Ала ад-Дин Мұхаммед ұлы қолбасшы болды, оны бәрі жамандайды. Ақымақ болды, қорқақ болды деп. Ол бүкіл Ауғанстанды жаулаған. Бүкіл Гур патшалығы, қазіргі Батыс Үндістанды жаулаған – Пәкістанды, Иранды жаулаған. Ұлы мемлекет құрды. Ұлы Хорезм – Ұлы мемлекет болды. Қазіргі Қазақстанның бір бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Ауғанстан, Иран, Парсы және Пәкістан қарады. Ұлы мемлекет болды. Ал енді осы мемлекетпенен, Хорезмменен бейбіт қатынас орнатуға тырысты Шыңғыс хан. Бейбіт қатынас. Елші жіберді және айтты: «Сен Батыстың әміршісің, мен Шығыстың әміршісімін. Жақсы қатынаста болайық. Достық қатынаста» деп. Керуен туралы келісім жасалды. Міне осы кезде Жетісуға Жебе-ноян келіп кіреді, Шыңғыс ханның жіберген қолбасшысы ғой, Жетісуға. Жебе-ноян талқанын шығарып, ол жердегі Қара қытай мемлекетін қиратып, Жетісуды алды. Көпшілік халық сол біздің шығыс татарларын – шығыс түріктерін жақсы көріп, жақсы қарсы алды. Осыдан кейін барып Хорезм менен Шыңғыс хан империясы шектесті. Мына Шу өзені арқылы. Осы кезде елші жіберіп, Шыңғыс хан келісім жасасты ғой, еркін сауда қатынасы болсын деп. Хорезм Мұхаммед Ала ад-Дин шах Жібек жолын жауып тастаған. Сол Жібек жолын аштырмақ болды, еркін сауда қатынасын жасамақ болды, Батыс елдеріменен. Келісім жасалды, жазба түрде келісім. Осыдан соң шайтан азғырып, Хорезм шахқа «Жетісуды неге мен өзім алмаймын» деген ой келеді. Жүз мың әскерімен Жетісуға кіреді, Жебе ноян кетіп қалған. Ел бейбіт, ешкіммен соғыс жоқ, қайтып келеді де, енді біржолата Шыңғыс ханға қарсы жорық жасау үшін Қыпшақты тыныштандыру керек болады. Кәдімгі Қазақстан жеріндегі қыпшақты. Содан алпыс мың таңдаулы әскерімен Қыпшаққа жорық жасайды ғой. Енді мұның әңгімесінің бәрі менде айтылған. Содан, бұ кезде Жебе ноян... жоқ, Сүбітай мен Жошы біздің Шығыс Дәштіге келеді. Енисейден өтіп барып, Ертістен өтіп барып, қазіргі Қазақстан жеріне. Осы шамада Хорезмге керуен келеді. Белгілі оқиға. Ол керуенді де әртүрлі теріс баяндай береді. Бұл бес жүз түйе, төрт жүз елу қосшысы бар және елші бар,

бай көпестер келген. Сосын кейін барып, оны тонап алды. Белгілі оқиға ғой. Отырардағы ойран деген. Оны әртүрлі айтады. Ойбай олар жаңағы тыңшылықпен айналысып, пәлен-түген. Онсыз да білмейтін нәрсе жоқ. Оның бәрі сылтау. Мәселе, неге келісімді бұзды? Хорезм шах Шыңғыс ханмен соғысқысы келді. Өзінің қуат-күшіне соншалықты сенді. Бес жүз мың әскері бар. Бес жүз мың, мүмкін миллионға жетер, тек қана Мәуеренахр кәдімгі Орта Азия шегінде бес жүз мың, төрт жүз мың әскері бар. Содан кейін барады да, керуенді тонап алады. Қызықты, дейді. Несіне қызығады? Бүкіл Иранды, Ауғанстанды, Персияны жаулап отырған Хорезм шахқа ол бес жүз түйе деген немене? Ол бес тиын ғана құны бар. Бұл жанжал іздеген. Жанжал іздеген. Елшілерді түгел өлтіреді, керуеншілерді түгел өлтіреді, бір адам ғана қашып құтылады. Сол барып, хабарын айтады.

– **Біздің қазақ тарихшылары айтып жүрген, қазіргі Отырардың күйі.**
 – Оның бәрі – бос нәрсе. Содан кейін барып, Шыңғыс хан екінші елшілік жібереді, бас елші – Бұғыра деген адам. Бұрын Бұғыраның әкесі Хорезм шахқа қызмет еткен екен. Хорезм шахтың әкесі Текешке қызмет еткен екен. Және екі татар. Татар дегеніміз – шығыс түріктердің керейі ме, найманы ма. Келгеннен кейін Бұғыраны өлтіреді де, ана екеуінің сақалын күзеп, қоя береді. «Бар айтындар, жердің түбіне кетсе де, мен Шыңғыс ханды тауып аламын. Өлтіремін», – дейді. Міне, ол соғыс жариялады. Енді Шыңғыс хан амал жоқ, орнында хан болып отыру үшін соғысу керек. Ал оның жоспарында жоқ. Оның жоспары – бүкіл Дәшті Қыпшақты алу. Бұл кезде алдында кетіп қалған Жошы менен Сүбітай-баһадүрдің хабары жоқ мұндай қырғын болғаны туралы. Содан кейін барып жаңағы Хорезм шахтың Дәшті Қыпшақты қиратып жатқан әскерімен кездесіп қалады ғой. Жиырма мың, екі түмен әскер – алты түмен, алпыс мың әскермен кездеседі. Ырғыздан өткеннен кейін. Орал тауының етегінде, Мұғажжарда. Соңынан, менде жазылған бәрі де, келеді, соғыста меркіттерді қиратқан екен. Сол меркіттің қирап жатқан жұртына келеді. Келеді де, сонда бір сау қалған жаралыны тауып алып, сонымен әңгімелеседі. Логика жоқ, біздің батыстың тарихшыларында, біздің советтің тарихшыларында да. Қай тілде сөйлесті? Моңғол болса, олар қалай сөйлеседі? Моңғол болса, Хорезм шах қалай сөйлеседі? Ол – меркіт. Оның тілі де – түрік тілі. Содан айтады: бізді қиратты мінекей, осы таңертең түске дейін соғыс болып, жаңа ғана кетті дейді. Содан кешке қарамай, соңынан қуып шығады Хорезм шах, алпыс мың әскерімен. Түні бойы жүріп, жүріп, күн шыға қуып жетеді Жошы ханды. Содан, аналар жаушы жібереді: «Неге сендер біздің соңымыздан келе жатсындар? Кімсіңдер», деп. Сосын айтады: «Мен сендерді қирату үшін келе жатырмын. Біз Хорезм шахпыз». Жошы: «Менің әкем Хорезм шахпен соғысуға маған жарлық берген жоқ», дейді. Бұ кезде керуенді қырып тастаған кез. Сонда Хорезм шах: «Сенің әкең саған жарлық бермесе, маған Алла Тағаланың өзі сендей кәпірлермен соғысуға жарлық берген», деп шабуылға шығады ғой. Содан басталып кетеді, алпыс мың мен жиырма мың. Талқан болады, жаңағы Хорезмнің әскері. Тек бір қанаты ғана қалып, өзі тұтқынға түсе жаздап, әрең құтылады. Сонымен кеш батады. Кеш

батқанша жиырма мың адамынан айрылған екен Хорезм шах. Енді Жошы хан бәрін аңдады, мақсаты – соғысу емес, түн ішінде от жағып, шегініп кетеді. Тарихшылар біздің айтпайды, Ибн әл Асирде бар, Хорезм шах қашады, түн ішінде. Жаралыларын тастап, өлгендерін тастап, түн ішінде. Сонда екі түрлі, екі тарап. Біріншісі – барғаннан кейін, әрине, Жошы естиді, керуенін қиратқанын, кімнің соғысқалы жатқанын, содан екі түрлі жағдай. Бірінші – алғашқы соғыс. Хорезм әскерінің тәсілдерін, соғысу әдістерін бәрін көрді, білді. Ал Хорезм шах – әскери адам, өте тәжірибелі адам. Шыңғыс хан әскерінің қандай екенін көрді. Осыдан соң еліне қайтып келген кезде, жаннан түңіледі Хорезм шах. Осындай батыр адамдар болады екен, садақ тартқаны қандай, найза жұмсағаны, шапқаны қандай, жаннан түңіліп келеді. Қайран қалады. Енді ол Иранмен, бәрімен соғысқан тәжірибелі әскербасы ғой. Сол кезде Шыңғыс ханның елшісі келеді. Сонда айтады, жалғыз-ақ ауыз сөз: «Тілегенің соғыс болса, күтіп ал» деген. Үлкен үрей туады. Өйткені жиырма мың әскерді алпыс мыңмен жеңе алмады, ал енді жүз мың әскермен келген кезде не болады? Барлық мәселе сонда. Содан кейін барып, Хорезм шахтың құрған тәсілі – кейінгілер әртүрлі кінәлайды, әртүрлі ұсыныс болған. «Жолда келе жатқанда қарсы алайық», дейді арғы Жетісуда. Біреулер Сырдарияның бойында шеп құрып қарсы алайық дейді. Біреулер, Сырдан өте берсін, Мәуеренахрды алсын. Мәуеренахр өзі 1210 жылдан бастап қана қараған Хорезмге. Біз ана Әмудария бөгетінде тосайық, дейді. Содан беделді біреуі айтады, әбден түңілген соң ғой: Ауғанстанға қашайық, деп. Мында келеді, жүреді, тонайды, кетеді, деп. Сонда Хорезм шах бірден-бір дұрыс шешім қабылдаған. Әрбір қалаға он мыңдаған адам береді. Самарқанда жүз он мың, Үргеніште жүз елу мың, жергілікті әскермен қоса, Отырарда елу мың, қамалды ұстап отырады деп. Аналар қамалды ала алмайды деп. Өйткені алдында елші жіберген Шыңғыс ханға. Шыңғыс хан Пекинді алып отырған кезде. Сонда Хорезм шах елшілері көрген, қандай қиындықпен алғанын Қытайдың қамалдарын, қамалды бұза алмайды, қоршап, түншықтырып барып, сөйтіп алады. Бұл – 1215 жылы. Ал одан бері бес-алты жыл өтті. Шыңғыс хан әскерін қайта құрған. Қамал бұзатын машиналарды игерген. Әнмұқай деген өзіміздің, сол керей, жалайыр, найманның біреуі, сол басшы болып, кәдімгі қамал бұзатын катапульттар құрған ғой. Содан кейін барып, жорық басталып кетеді ғой. Жорық басталады, ол ұзын тарих, «Шыңғыс ханда» бар түгелдей. Енді Хорезм шахтың есебі – ескірген есеп. Бұ кезде қамал бұзудың тәсілдерінің бәрін біледі. Және оның үстіне, кеудесі жоғары ғой Хорезм әскерінің, Бұхараның түбіне келген кезде қамалдың ішінде отырмай, қарсы шығады ғой. Келген әскер алпыс мың ба, жетпіс мың ба, сондай ғана Шыңғыс ханмен келген. Түгелдей қырылып қалады. Қырылып қап, содан қамалдың қақпасын ашуға мәжбүр болады, Самарқанда да солай болады, барлық жерде. Енді Орта Азиядағы Хорезмнің қирауы, ол – өзгеше оқиға. Мына «Шыңғыс ханның» ішінде, мысалы, ондаған роман, жүздеген повестің сюжеті бар, жүздеген адамдардың ғұмыры бар, жүздеген тұлғалардың тағдыры бар, осы орайда Жәлел-әд-Диннің тарихын да жақсылап жаздық. Енді Шыңғыс хан

соныменен ақыры бар мұратына жетті ғой. Таңғұтқа барған жорықта қайтыс болды. Енді «Алтын Орда» соның жалғасы.

– Мына Шыңғыс хан туралы «Шыңғыс хан басқыншы болған» деген тақырыппен біз мектеп бағдарламасында әлі күнге оқытылып жатырмыз. Ол қашан өзгереді?

– Ол енді біріншіден – орыс тарихының, совет тарихының ықпалымен жазылған нәрсе. Біз отар ел болдық. Солардың айтқанын айғақ етіп. Екінші, бізде әлі сана төмен ғой өте. Сана төмен, мүлде басқаша бәрі де. Ешқандай да басқыншы емес, ол, Шыңғыс хан, бірінші, Қытай империясынан қорғану үшін, екінші бүкіл түрік халықтарын қайта біріктіру жолындағы. Сонда Самарқан түбіне келген кезде күшіне сенетіні соншалық, алдыменен Сүбітай-бахадүрді жібереді, Хорезм шахты қуғындауға. Ертеңіне Жебе ноянды жібереді. Содан кейін, бірнеше күннен кейін Тоғышар ноянды жібереді. Тағы да бір бір түмен әскерменен. Сосын Сүбітай менен Жебе-ноян бүкіл Иранды адақтап, қазіргі Түркменстан жерін адақтап, кімді... Хорезм шахты қолға түсіре алмай, бірнеше рет қолға түсіретін жағдайлар болады, әскерлерінің бәрін қиратып. Ақырында Хорезм шах өлді ғой. Әбескүн теңізі – Каспий теңізінің оңтүстігінде, бір аралда өледі. Содан кейін барып, мақсат орындалды, Хорезм шахтың көзі жойылды. Жәлел-әд-Дин ары қарай жалғастырып жатыр, әлі күш жинаған жоқ. Шыңғыс хан Жебе ноян мен Сүбатай баһадүр екеуіне тапсырма береді: «Қапказдан асып, Батыс Дәштіні барлап келіндер» деген. Бұл осы 20-шы жылдың көктемінде... күзге қарай, көктемде аттандырды ғой. Сондан олар Қапказды өрлеп Дербентке келеді. Дербенттің қамалы әлі бар, қалдығы. Бұл ғаламат қамал болған, «Темір қақпа» деп атаған біздің түріктер. Бұл тек тау менен теңіздің арасында, бір шақырымдай ғана жер, соны бекітіп тастаған ғой. Ешкім өте алмайды, ары да, бері де ешкім өте алмайды. Содан, Сүбітай мен Жебе-ноян келеді Дербентке, өте алмайды. Қамал бұзатын қарулары жоқ. Келіссөз жасайды, бізді өткізіп жіберіңдер, деп. Өйткені арасы – бес жүз-ақ қадам екен. Екі қамал: төменгі қамал, жоғарғы қамал. Сол төменгі қамалдың тұсына келіп, теңізге дейін, теңізге жалғасқан қамал, бізді өткізіп жіберіңдер, дейді. Олар қорқады, өткізбейді. Содан соң барып, елші жібереді, он адам, келіссөз жасау үшін. Соны біздің тарихшылар... Ибн әл-Асир өте жақсы тарихшы, мұсылманшыл болған, онысы да дұрыс қой, бірақ біздің татарларды жек көрген. Татар дегеніміз – түрік қой, мына татар емес. Содан «жол көрсетіндер», дейді. Ибн әл Асир жазады: «Келгеннен кейін, ана елшілер астам отырды, сосын Жебе-ноян ба, Сүбітай ма, он бектің, елшінің біреуін өлтірді. Қалғандарыңды осылай істемесін десең, жол көрсетіндер», деп айтыпты. Бұл – қисынсыз нәрсе. Біріншіден, Шыңғыс ханның Жасақ заңы бойынша ешқашан елшіге қиянат жасалмайды. Мың жыл озып кеткен Шыңғыс хан, бұл тарапта. «Дипломатиялық қауіпсіздік» деген мәселені алғаш енгізген Шыңғыс хан. Осы XIX ғасырға дейін, XX ғасырға дейін, ол сақталған жоқ, Еуропада. Өлтірді дейді, ешқандай өлтірген жоқ. Екінші, қамалдың түбінде тұрды жиырма күн, жиырма мың әскер, тамақ керек, нәтиже жоқ, алға шыға алмайды. Олар қайткенде кету керек. Қапказдың жолын ашу керек.

Айтады: өтетін өткелді көрсетіндер бізге, деп. Терістікке қарай өтетін Қапказдың жолын көрсетіндер деп. Содан жолбасшылар Дариал шатқалына әкеліп, өтеді ғой, ары қарай. Сонда, мақсат не, мақсат – Батыс Дәштіні барлау, Шығыс Дәштіні алып болған соң. Алтын Орданың 750 жылдығы деп жатты ғой, оның бәрі бекер сөз. Біздің қазақ жерінің Шыңғыс хан империясының құрамына қосылуы – 1220-шы жыл. Алдында 19-шы жылы бүкіл Шығыс Дәштіні Жошы мен Сүбітай-бахадүр барып бағындырды, бірақ мен Шыңғыс хан жорығы басталған кезге тіреймін. 1220-шы жылы қазіргі Қазақстан Шыңғыс хан империясының құрамына енді. Сегіз жүз жылдық үлкен мереке өтіп кетті біздің, атаусыз қалды. Енді Батыс Дәштіні барлау, онда да толып жатқан көп нәрселер бар, теріс жазылып жүрген. Шатқалдан өтіп, дәл ауызға шығар кезде, бұларды қыпшақтар менен аландар күтіп алады. Алан қазір осетиндердің аталары деп жүр, олай емес. Бұл – мүлде басқа халық. Жауынгер халық болған. Бұза алмайды, өйткені бұза алмағаны – шатқалда, мысалы Талқы деген асу, атақты Шыңғыс хан асқан, Шыңғыс хан әскерінің бір легі өткен, мына Құлжаға қарай өтетін, біздің Жәркенттен ары, шамасы қырық-елу шақырым, тар қысаң, жүз атты қатар жүре алмайды. Екі жағы тау. Соны өрлеп барып, қалмақтың жеріне шығатын болған қазақ Абылай хандардың заманында. Сол жерде, мысал үшін айтайық, мың адам он мың қолды бөгеп, тұрар еді. Ал мынада, шатқал да дәп солай. Сосын сөз салады, қыпшақтарға: «Сендер мен біз туысқан халықпыз, мына заты бөлек аланды тастап кетіндер», деп. Сыйлық берді, дейді бәрі, сөйтіп сатылды, дейді. Сатылған жоқ, тілдері бір ғой, бұлар моңғол емес, түрік дедім. Аналар да түрік – қыпшақтар. Сосын олар тастап кетеді, бұдан кейін барып, аландарды қиратады. Осыдан соң, деп жазады жазушылар, тарихшылар, татарлар келіп, қыпшақты шапты, дейді жанағы, кетіп қалған қыпшақтарды. Біріншіден, ол – қыпшақтың бір бөлшегі ғана, Қапказдың терістігін жайлаған, екіншіден, өзіне бағынған, өзімен мәмілеге келген жұртты шапса, ол кейінгі жұрт қайтеді? Қыпшақ – жалпақ жатқан үлкен, ұлы ел. Ол қыпшақтар Шыңғыс ханның – Жебе ноян мен Сүбітайдың әскеріне қосылады. Тешу хан, Сығар хан деген адамдар бастаған. Қалған қыпшақ көбі бейбіт болады, соғысқандары бар. Енді, қалай дегенмен де, бөтен тайпалар ғой, туыстас болса да. Сонымен Қалқаға келіп, Қалқаның түбінде қиратты ғой. Қалқаның түбінде, оны кейінгі орыстың тарихшылары бәрі жасырады, алғашқы деректердің бәрін жойып жіберген. Татищев деген тарихшысы XVIII ғасырда жазған, кейін жойылып кеткен ескерткіштердің негізінде жазған: «Орыстар, Қалқа ұрысына 103 мың әскерменен қатысты», дейді. Әрбір княздіктен қанша әскер болғаны: Киевтен 40 мың, бір княздіктен 2 мың, бір княздіктен 5 500, бір княздіктен 7 200, деген сияқты, сандар нақты. 103 мың әскермен келген. Ал қыпшақтар азғана болған. Соны қиратты ғой. Енді, кейін Бату хан кеп кірген кезде, «ойбай бірікпей қалды, бастары қосылмады», дейді. Бастары қосылғанда, не болғанын көрдік. Жебе мен Сүбітай елші жібереді ғой, орыстарға: «Біз мына қыпшақтарды қуып келеміз, бұлар біздің малшыларымыз, сендер бұрын өздерің соғысып жүреді екенсіңдер, тастап

кетіндер, біздің еркімізге қалдырындар», деп. Тастамайды, өйткені орыстың княздерінің барлығы – жартылай қыпшақ: шешелері қыпшақ, әжелері қыпшақ, әйелдері қыпшақ, өздерінің түрі де орыс емес. Иә, сонан кейін барып, орыстар жаңағы алты-жеті елшіні өлтіріп жібереді, бауыздап. Ал бұл – үлкен қылмыс. Біздің жұрттың ұғымында ең үлкен қылмыс. Сол себепті, енді орысты Қалқада жеңген кезде, жан адамды қалдырмай түгелдей өлтірген. Бір-ақ адам қалған, Киевтің ұлы князі – Мстислав Романович. Соны алып кетеді. Оны Шыңғыс ханға апарып, көрсету үшін. Кейін Жошы ханның алдына дейін апарып, сол жерде өлтіреді. Орыс жылнамаларының өзі жазады: онның бірі ғана қайтты, дейді. Сонда 103 мыңнан он мың адам ғана қайтқан, мүмкін он мың да емес. Бұл 23-ші жылы. Арада он төрт-он бес жыл өткенде Бату хан келіп кірді. Ал сол кезде кешегі соғысқа қатысқан адамдар тірі. Сол кездегі жас жігіттер қырыққа келді, жиырмадағылар отыз беске келді, қырықтағылар әлі бар, тірі. Содан кейін барып, ешқандай қарсылық болмай, жеке-жеке княздіктер соғысады ғой. Онда да Қалқадағы ұрысқа қатыспай қалған, Рязань мен Владимир княздіктері ғана соғысқа шығады. Қалғандары бейбіт бағынған. Енді осындай нәрселер көп, оның бәрі «Шыңғыс ханда» жазылған, «Алтын Ордада» шет жағасын қайталадық.

– Аға, осы жазған туындыларыңызды, шығармаларды, романды шет тілдеріне, ағылшын тілдеріне аудару ісі қалай жүруі керек? Мысалы батыс ғалымдары да танысуы керек қой.

– Мәселе былай, алдыменен, бай болу үшін, мал болу керек деген сияқты. Кітап болу керек. Мен аудармаға жас кезімнен мән бердім. Өйткені Москвада шығатын болсаң, кішкене беделің өседі, қосымша қаламақы дегендей. Бірақ көп уақытым кетті. «Аласапыранды» мен екі жыл үш айда жазып біттім. Екі кітабын аударту үшін үш жылға жуық уақыт кетті. Ананы ежіктеп отыру керек. Мынаны қайта қарау керек. Енді кейінгі кезде оған мән бермейтін болдым, аудармаға. Уақыт кетеді. Өмір өлшеулі. Уақыт кететін болғандықтан, мен оған айырықша мән берген жоқпын. Өз бетімен аударылып жатса, жөн деп. Енді былай... «Мен» деген кітап жаздым, баяғыда. 96-жылы бірінші кітап, 98-жылы екінші кітап. 99-жылы, «Шипалы Арасан» деген повесть жаздым. Сонда «Менде» айтылған: «Менің өмірім күреспен өтті. Жазуға бар уақытымды жұмсадым. Бірақ ойдағы [түгел] орындалған жоқ. Ылғи бөгесін болды. Тас емес, топ тиді. («Топ» деген зеңбіректің оғы.) Барлық жол берік болды. Қаншама қажыр-қайратым кетті», деп. Оның үстіне ежелгі жырауларды жазуға көп уақыт кетті. Көп бөгет болды, көп жүйке тозды. Оның өзі тарих тұтастай. Содан кейін, «Меннен» кейінгі «Шипалы Арасанды» жазған кезде, Гөте туралы ғой, Гөтенің соңғы махаббаты, бұдан кейінгі өмірінің сегіз жылы қалай болған. Сонда, жаздым, ашық жазылған: «О, Тәңірім, маған мұрсат бер! Ойымдағыны толық орындай алғаным жоқ, маған мұрсат бер. Түгел болмаса да, біраз нәрсені шығарып кетейін», деп. Сонда іштей мен жиырма үш жыл өмір сұрадым. Жиырма үш жыл. Сексен екі жасқа дейін. Неге сексен екі десеңіз, ұлы Толстой сексен екіде кетті, ұлы Гөте сексен екіде кетті. Жиырма үш жыл өте көп уақыт, жазып, біраз нәрсені бітіремін деп

есептедім. Жиырма үш жылды түгел берсе. Ақыры, Тәңір Тағала қабыл етіп, сол жиырма үш жылды берді. Бұл заманда «Шыңғыс ханды» бітірдім. «Жармақ», «Жармақтан» басқа тағы бірнеше роман, повесть, әңгімелер жаздым. Сосын енді «Алтын Орданы» жазып үлгердім. Сонымен қазір сексен үштен өтіп бара жатырмын. Тәубә енді. Бүгін кетсем, арманым жоқ. Бұдан кейін ондай үлкен кітап жазамын деп ойламаймын. Бірақ кішкене аяғым, жүрісім нашарлағанмен де, басым өзімнің бұрынғы орнында сияқты. Мен айтамын 80-85 процент орнында деп. Сол тәуба, құдайға тәуба. Көк Тәңірісіне, Әруаққа сенем мен. Осы «Шыңғыс ханға» қатысты көптеген нәрселер бар, ғажайып нәрселер болды. «Шыңғыс ханды» жазар алда. Сондағы бар тілегім орындалды. Енді жазылмай қалған нәрселер көп. «Аласапыраннан» соң Есім хан туралы роман жазуым керек еді. Қазақ тарихынан сегіз-тоғыз роман жазам дегенмін, тағы басты нәрселер. Орайы келмеді. Енді, оның есесіне жазу мүмкін емес нәрселер жазылды. «Шыңғыс ханды» жазуым мүлдем мүмкін емес еді. Мен алғаш рет «Көк мұнар» романында бардым бұл тақырыпқа. «Көк мұнар» романында басты кейіпкер Едіге деген жас жігіт, роман жазады ғой. Ескі қыпшақ тарихынан. Алтын Орданың ең соңғы соғысы деп, Құндызшы бойындағы соғысты, соңғы соғыс емес, бірақ соңғы соғыс деп сыпаттадым. Сонда бәрі астарлап берілген, оны ешкім байқаған жоқ, өтіп кетті. Ол – алғаш барғаным. Ол – енді үстірт барыс, барлау.

– **Ол кезде неше жаста едіңіз?**

– Көк мұнарды жүз күнде жазып бітірдім. Ол енді эксперименттік роман болатын. Көп нәрсе, бәрі басқаша жазылған. Енді айтам: біздің әдеби сын кем дегенде, елу жыл кейін қалып келе жатыр. «Көк мұнар» шықты. Мен отыз бір жастамын. Оқырман жұртшылық керемет қабылдады. Жастар. Бір апта болмай, 57 мың тираж өтіп кетті. Өзім қолым жетпей қап, Аягөзге хабарлап, солар тауып жіберді. Он шақты, авторскийден басқа. Оқырман жұртшылығының қабылдауы ерекше болды. Қазір жетпіске келгендерден сұрайтын болсаң, «Көк мұнар» – әсер еткен шығарма. Ал сыншылар, әдебиетшілер түгелдей түрпідей көрді. Түгелдей жамандады. Біздің бәйбіше айтады оны, баяғы көре алмаған соң, деп. Көре алмаған емес, адам көре алмай, өзіне-өзі жамандық қылмайды. Ұғым-түсінік солай. Біздің жазушылардың, сыншылардың мыйы жеткен жоқ. Студенттердің мыйы жеткен, қарапайым, ауылдағы қарапайым оқырмандардың мыйы жеткен нәрсеге біздің жазушылар мен әдебиетшілердің мыйы жеткен жоқ. Өйткені, мысал үшін айтайық, мына, жазып жүрген адамдардың өздерінің қалыптасқан ұғымы бар. Былай болу керек, алай болу керек деген. Сол өлшемге келмейді.

– **Сағат Әшімбаев сынаған ба еді, «Көк мұнарды»?**

– Иә. Ол – топас сыншы болатын. Талғамы жоқ болатын, кездейсоқтан сыншы болған адам. Филфакқа мен түсіргем оны. Енді сонда былай: оқырман, сенің қандай тәсіл қолданғаныңда шаруасы жоқ. Ет пісіріп бердің бе, қазы пісіріп, жеген адам, оның тек дәміне ғана қарайды. Қалай пісіргенінде шаруасы жоқ, иә? Ал енді біздің әдебиетшілер, өлшемдері бар өзінің қойып алған, дәрекі, топас, шалағай. Сол өлшемге сыймайды,

сөйлемінен бастап түгелдей. Кеше осында келіп кетті, бір топ жігіттерменен, Сібетқали Нұржан. Соған әңгіменің шет-жағасын байқамай айтып қойыппын, жазыпты. Мысал үшін, мен жаңалық аштым, деймін. Осы сексен үш жасқа келгенде, «Алтын Ордадан» кейін. Өзім білемін, мен совет адамы болған жоқпын. Совет адамы – homo советикус – homo сапиенстің өзгеше бір түрі. Адамның өзгеше бір түрі. Оны орыстар жазды эмиграция кезінде. Мұның өң-түсі де басқа, киім киісі де басқа, жүріс-тұрысы да, бәрі басқа. Ал мен совет адамы болғам жоқ. Әуел бастан. Біріншіден, мен өскен ортам – үлкен әкем, данышпан адам болды. Менің әжелеріме дейін маған төрт-бес жасымнан бастап, әңгіме айтатын, ашаршылық туралы, басқа туралы. Содан оқуым да ерте басталды, сегіз жасымда Әуезовтің «Абай жолын» оқыдым. Бұдан соң, тоғыз жасымда Пушкиннің толық жинағын оқыдым. Чеховтің әңгімелерін, Тургеневтің әңгімелерін оқыдым. Батыс әдебиетінің аударылған нұсқаларын оқыдым. Менің ұғымым, жазуымның барлығы басқаша болды. Сондықтан менің жүріс-тұрысым да басқаша болған болу керек. Иә, жалпы жұрттан. Сосын, неге менің ұнасымды кейіпкер деп айтуға болатын, өте ақылды жігіт, өте білімдар жігіт, ұлтшыл, ізденімпаз Едіге деген кейіпкерім, соны ұнамсыз кейіпкер деп жариялады? Мен қайран қалдым, қалай ұнамсыз болады? Халқын сүйеді, дарынды, махаббатта, жеке өмірде тазалықтан басқаны ойламайды. Сөйтсем, ол менің өзіме ұқсайды екен. Едігені жек көрген жұрт, мені де жек көрді, кейіпкерімді жек көрген. Мүлде басқаша адам. Осы жаңалықты сексеннен асқанда аштым. Соны жаңағы Сібетқали жазыпты. Шет-жағалап менің айтып қалғанымды. «Мен совет адамы болған жоқпын», дегенді. Енді қазір кеңшілік заман. Бірақ бұрынғы түсінікпен жүр ғой. Біздің әдебиетші-сыншы қауым өте кертартпа, кейін қалған. Мысал үшін айтайық, жаңашыл емес, дәстүрлі бір жазушы болды, Бекежан Тілегенов деген. Бекежан Тілегенов, мен айтам, менен кейінгі қазақтың ең үлкен жазушысы – Бекежан болды деп. Өз тұсымызда, XX ғасырдың екінші жартысында. Қалжың емес, шыным. Өйткені Бекежан екі роман жазды. 90-шы жылы Совет өкіметі құламай тұрғанда, «Қара жел» деген роман жазды, полигон туралы. Одан кейін барып «Сексен алтыншы жыл» деген роман жазды. 92-ші жылы ма, 93-ші жылы ма. Ол «Желтоқсан» туралы емес, парт-номенклатура туралы. Бұл екі роман, теңдесі жоқ романдар. Мен жаздым, біз жаза алмай қалған тақырыпты жазды, деп. Егер қазақ үлкен халық болса, Семей полигоны қазақ халқы үшін адамзаттық үлкен апат әкелсе, бұл қасірет қазақ әдебиетінде жазылу керек еді. Соны Бекежан жүзеге асырды, деп. Екінші, парт-номенклатура. Бекежан ЦК-да инструктор болып қызмет атқарған, сектор бастығы боп. Орталық партия комитетінде. Біздің үлкен жазушылар қызмет атқарды. Кекілбаев болды, Сайын Мұратбеков болды, Төлен Әбдіков қызмет атқарды. Екінші қатардағы жазушыларды айтпағанда. Бірақ олардың ешқайсысы істеген қызметінен жиіркенген жоқ. Ана Бекежан барғаннан бастап, қызметтен жиіркенген екен. Соны «Тұйық өмірдің құпиясы» деп, сексен тоғызыншы жылы ма, перстройканың кезінде жазды. ЦК-ның – Орталық партия комитетінің қазаққа қарсы, оның басшылары Есенәлиев, Имашевтардың

қазаққа қарсы қылмыскер екенін ашып жазды. Сонда мінез-құлықтарына дейін, бәрін түгелдей. Өте өмірлік материал. Ал енді осы Бекежан жаңағы үлкен жазушы деп мен жазғанда, жұрттың бәрі қабылдаған жоқ. Жерлес болған соң, дейді. Ал Бекежанмен тіршілігінде онша сыйыса алғамыз жоқ. «Жұлдыздың» редакторы болды. Мен жазғанды басудан қорқатын. Талай рет ұрысып, ренжісіп қалдық. Ал мен журналға келгеннен кейін, бір күні әкеліп беріпті, Тұрысбек Сәукетаевқа, жаңағы «Қара желді». Мен үйге апарып, оқып шықтым да, сол күні терімге жібердім. Ол кезде компьютер жоқ.

– «Жұлдызға»?

– Иә, «Жұлдызға», теруге жібердім, типографияға. Ол кезде төрт-бес айдан кейін шығады. Сосын бір күні Тұрысбек телефон соғатын көрінеді, Ахат Жақсыбаев, Тұрысбек емес, Ахат Жақсыбаев – жауапты секретарь. Бекежанның тұсынан. «Беке, келіп, ана романыңыздың терімін оқып кетіңіз», – деп. Таң қалыпты, қашан жауап айтады, деп жүргенде, теріліп келіп тұр. Басылып шықты. Бұл – өте үлкен, ірі роман. Енді «Сексен алтыншы жыл» бұрнада айттым ғой, «желтоқсан» туралы емес, парт номенклатура. Бұл 86-шы жылдың 1 январынан басталады. Тоймен, сән-салтанатпен. Бір жас жігіт пен жас қыз, содан кейін барып, ЦК-дағы парт конференция, Қонаевты алғаш рет жүндеген. Әуелбеков алдымен шығады, Қонаевты сынап. Енді ол жоғарыдан, Горбачевтан болған емеурін. Содан кейін барып бір уақытта Назарбаев шығады, Қонаевтің өзі өсірген. Жұрт ойлайды Әуелбековті талқан қылады деп. Назарбаев Әуелбековтен асырып жамандайды. Осының бәрін жақсы сипаттаған. Қонаевты «Бірінші» деп қана айтады. Аналардың басқа аттары бар, Назарбаевтың да, жаңағы Әуелбековтің де аттары басқа.

– Назарбаев туралы жазған алғашқы романдардың бірі ме, сонда негізі?

– Иә, Назарбаевқа қатысты. Қуаныш Сұлтанов жүр. Интриган. Соның бәрі көрсетілген. Басқа атпенен, әрине әдеби кейіпкер ретінде. Сонда жаңағы Айбаров па, сол өзінің тәрбиелеген адамы, өсірген адамы сөйлеген кезде, алдымен шөгіп кетті, дейді Бірінші. Бір уақытта еңсесін жазып алып, бедірейіп қалды, дейді. Ал Айбаров түк болмағандай келіп, қасына отырды, дейді. Сол бүкіл жаңағы айныма, сатқын, Орталық партия комитетін, партия қайраткерлерін көрсеткен. Ешкім жасай алған жоқ мұны. Мен жаза алмаймын, мысал үшін. Мен Орталық комитетте болған жоқпын. Бекежаннан басқа ешкім жазған жоқ. Мені соны айтқанда, жұрттың бәрі жерлес болғаннан кейін мақтап жатыр, деді. Ешкімнің мыйына қонған жоқ. Осы былтыр ғой деймін, Кеңшілік Мырзабеков деген жігіт бар. Қазір елуден асып кетті ғой деймін. Енді кезінде баспасөз тұтқасында отырғаннан кейін, әр түрлі шарапатың тиіп жатады. Алдымыздан өткен жігіт. Сол бір талқыға отырған кезде, бір уақытта айтады: «Бейімбет Майлин жазушы емес деп айтты Мағауин», – дейді. Олай деп айтқан жоқпын, «нашар жазушы», деп айттым. Бейімбет нашар жазушы, колхоздасудың ұраншысы және Бейімбетке еліктеулердің бәрі – теріс бағыт. Әдебиеттің дамуында теріс бағыт. Бейімбет ол өз алдына,

жарайды. Жазушы емес демедік, нашар дедік. Сосын «Бекежан Тілегеновті – жазушы деп айтты», – деп күледі. Мен күлетін адам емеспін, мені жек көруге болады. Мені қабылдамауға болады. Мен күлетін адам емеспін, оның үстіне, алдымыздан өткен бала күлетін адам емеспін. Енді жазғанын түзетіпті, бірақ сөйлеген сөзі қалған. Сонда әлі күнге қабылдаған жоқ, Бекежан Тілегеновтің үлкен жазушы екенін, әлі күнге біздің қазақ әдебиетшілер қабылдаған жоқ. Ол – ғасырдың шежіресін жасаған адам. Ал енді сынға қарап тұрған ештеңе жоқ. «Көк мұнарды» сыншылар сол жетпіс бірінші жылдан бастап, жетпіс екінші жылдан бастап жамандады біздің оқырман жұртшылықты адастырып, бірақ оқушылар оған қарап жатқан жоқ. Осы елу жылдан кейін енді ғана ұнасымды пікір айтыла бастапты. Баяғыда біреулер ауылға барғанда, конференция ма, жиналыс па, Есенберлинді жамандай бастаса, біз үнді шайы мен гүржін шайының айырмасын білеміз, депті. Есенберлин – біз үшін үлкен жазушы депті. Оқырмандардың өз пікірі бар.

– Кез келген көркем шығарма – өз заманының жемісі, деп өзіңіз де айтасыз ғой. Қазір сол «дәуір шежіресі» туралы айтып отырсыз ғой. Жалпы тәуелсіздіктен кейінгі қазақ әдебиеті өз үдесінен шыға алды ма? Не жазылды, не жазылмады?

– Ойбай, тәуелсіздіктен кейін әдебиет құлдырап кетті, дейді. Олай емес! Сол жиырмасыншы алғашқы ғасырдың соңғы онжылдығында бұрын жазылмаған шығармалар жазылды. Жаңағы бір Бекежанның өзі жетіп жатыр. Өткен заманның әдебиеті туралы айтқан кезде, кезеңдік шығармалар болады. Кезеңдік шығармалардың өзі теріс бағаланды. Мысал үшін айтайық, жиырмасыншы жылдың әдебиетінде Мағжан бірінші, оған ешкім таласпайды қазір. Прозада Аймауытов. Мұқаң бастаған, ол да жақсы, жиырмасыншы жылдарда. Ал енді отызыншы жылдардың әдебиетінде біз мақтап жүрген ақындардың бәрі шамалы. Оның ішінде Сейфуллин дегендер жалпы ешбір жобаға келмейді. Советстан, біздің Стан, Совстан ғой. Отызыншы жылдардың ең үлкен ақыны – Иса Байзақов. Халықтың қалауын тапқан жақсы дастандар жазды. Сол Иса Байзақов [тиісінше] бағаланған жоқ. Енді Мұхаң, қыркыншы жылдан бастап Мұхаң көтерілді, «Абай жолы». Одан кейін барып, үлкен бір шығарма, алғашқы кітабы елуінші жылы шыққан Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі», «Менің мектептерім» деген бірінші кітап. Үлкен шығарма. Сондай жекелеген шығармалар болды. Әр онжылдықта біреу ме, екеу ме. Ал енді жиырмасыншы ғасырдың аяғында, тоқсаныншы жылдан бастап қаншама жақсы шығарма жазылды. Жаңағы Бекежанның өзі жетіп жатыр, дедім. Біздің жазушылардың бәрін атап айтпайын, бұрынғыдан мүлде басқаша жаза бастады. Тәуелсіздіктің лебі бірден байқалды. Еркін ой. Сондықтан әлі біздің сыншылар оған жетпей жатыр, кейін белгілі болар. Енді екінші мәселе бар: сонау 1-жыл ғой деймін, мен бір «Әдеби кеш» өткіздім. Жаңылмасам, бұрын қайтыс болып кеткен Артығали Ыбыраев деген жас ақын, соның демеушілері бәйге тағайындап, жас жазушылармен кеңес өткіздік. Содан кейін мен сөйлеген сөзімде айттым, ол басылып шықты ғой деймін. Кейінгі жас ақын, жазушылар: «Бұрын жақсы болып еді,

жазушылардың жағдайы, мүмкіндік болып еді, қазір дүние тар», – деп шағым айтады, дедім. Бұрын сенің әрбір сөзіңді аңдып отыратын, әрбір шығарманың өтуі тозақ болатын. Қазір цензура жоқ, толық еркіндік. Жазушыға не жазам десе де толық мүмкіндік бар. Одан артық не керек? Ал тұрмыс қиындығы деген бәрімізде болды. Біз де тиын санадық, біздің де қаламақыға қолымызға әрең жетіп жүрді. Қазір әдебиеттің алдынан үлкен мүмкіндік ашылды, дедім. Бірақ со кездегі заманға өкпелеп жүрген жігіттердің қатарынан ерекше ешкім шыққан жоқ. Міне, одан бері жиырма жыл болды ғой. Иә, сол кездегі отыздағылар. Ал енді қазір мен байқап отырмын, соңғы бес-алты жылдан бері қаулап, қаншама жас прозашы шықты.

– **Кімдерді айтасыз?**

– Енді мен арнап айтпаймын. Мына «Дауыс» деген жинақ, ішінде он жас қаламгерге, мен онда да ешкімнің атын атағам жоқ, алғысөз жаздым. Өйткені былай мәселе, мен бүгінгі жастарды түгелдей оқып болғам жоқ. Бәлкім, қырық-елу жас прозашының тізімін жасаймын. Солардың арасынан әлденеше классик шығады. Және ол қатарда қазір мақталып жүргендер емес, басқа біреулер болар, көлеңкедегі. Мен өзімнің тағдырымды алсам, өзімнің әдебиеттік жолымды алсам, алғышқы әңгімелерімнен бастап, «Аласапыранға» дейін, мені ешкім жазушы деп есептеген жоқ. Ал мен классикалық шығармалар жаздым. Әуелгі әңгімелерімнен бастап, «Тазының өлімін» айтпағанда, «Көкбалақты» айтпағанда, көп әңгімелер жаздым. «Аласапыраннан» кейін мойындамау мүмкін емес болып қалды.

– **Мүсірепов бағалады ғой, «Қазақ әдебиетіне» шықты.**

– Мүсірепов те бағалады. «Аласапыран» бірден әсер етті жұртқа. Тілі де, бәрі де. Сондықтан қазір атаусыз жүрген жазушылардың ішінде шын үлкендері барына мен күмәнданбаймын. Мен айттым ғой, тізім жасап жатырмын, деп. Қырық жас прозашының. Солардың ішінен бес-алты әлемдік классик шығады. Он бес-жиырма қазақтың классигі шығады. Оның ішінде жаманы болмайды. Өйткені тақырып игеру талабы күшті. Ең бастысы – еркіндік бар. Толық еркіндік бар. Қазақтың бай тілі бар. Дүниеде жоқ қазақтың бай тілі. Сондықтан әдебиеттің болашағы, енді қазір бұлардың алды – отыздың ішінде болу керек. Ал енді алда да тәуір прозашылар шығады. Күшті әдебиеттің жаңа дәуірі басталады.

– **Қыздар да бар шығар арасында?**

– Қыздар да бар. Жаңағы онның ішінде бір қыз жүрді. Айттым ғой, мен атап айтпаймын деп. Өйткені бүгін бой көрсеткен жастарды түгелдей оқып бітпеген соң, дөп басып тану қиын. Сен айтқаның жақсы жазушы шығар, бірақ сен оқымай, аталмай қалған, одан да жақсы жазушы болуы мүмкін.

– **Шекара асқаннан кейін еңбектеріңіздің бірі, көлемдісі – «Естеліктер» кітабы.**

– Қалай?

– **«Естеліктер» кітабы. «Жұлдызға» ғана басылды. Тиражы аз.**

– «Мен» – деген де естелік кітап. Оның бірінші кітабы – менің жазушылық жолым. Екінші кітабы – ғылымдағы жол. Содан соң барып, бұрын ойымда

бар еді, жеке бір адамдар жөнінде айту керек болды да, жаңа естеліктер жаздым. Үш том болды. Өуезовтен бастаймыз. Содан кейін барып, Есенберлин туралы. Бірге өскен Әбіш туралы.

– **Мұқағали мен Ғабит Мүсіреповті де атап өтесіз, иә. Жалпы соның ішінде кімдерді ерекше атап өтер едіңіз?**

– Жоқ, енді, мәселе былай: естелік жазу мәдениеті – мемуар, орыс әдебиетінде жақсы қалыптасқан, батыс әдебиетінде де бар. Орыс әдебиетінде мемуардың үздік үлгілері көп. Герценнің «Болғандар мен ойлар» дегеннен бастап, кейінгі жазушылардың – Буниннің жазғандары, одан бұрынғы Чеховтің жазғандары, одан бұрынғы Аксаковтің айтқандары. Содан кейін Короленканың естеліктері бар. Мектеп бар, қалыптасқан. Бізде ондай мектеп болған жоқ. Бүйте бастайды: естелік жазады ғой, ойдан шығара береді. Ойдан шығарыңыз көркем шығарманы, естелік сол қалпында болу керек. Әрине іріктеу болады, бар нәрсені іріктеу болады. Өз ыңғайына қарай топтау, ал енді ойдан шығарғаннан кейін, ол өтірік болады. Мен бір үлкен жазушының «Естеліктер» кітабын бастым «Жұлдызға», төрт нөмірге қатарынан. Өте жақсы жазылған. Бастапқы, арғы беті – тура, кейін бергі бетке келсем, басқаша. Ойдан шығарғандары бар. Енді бір нәрсені әр адам әр түрлі көреді. Атақты әңгімесі бар ғой Акутагаваның, «Орман алаңында» деген. Қалың жыныста бір оқиға болған, бірнеше адам әр түрлі көреді. Ол өз алдына. Ал естелікті ойдан шығару деген, менің ұғымыма жанаспайды. Бізде қалыптаспай жатыр. Бізде естеліктің жақсы үлгісі – Бекежан Тілегеновтің естеліктері, Ахат Жақсыбаевтың жекелеген естеліктері бар, және Серік Қирабаевтің, ал басқасы – бәрі, ана Сәбит Мұқановтан бастап бұзылған, «Өмір мектебінің» бірінші кітабы жақсы, аяқ жағында бүлініп кеткенмен де, Алаш Орданы сөгіп; екінші кітап түгел ойдан шығарылған, түгелдей. Мағжанды жамандайды, тағы басқа толып жатқан. Содан қалыптасып кетті бізде. Сондықтан менің естеліктерімнің тек қана танымдық емес, кейінгі жастарға үлгілік қызметі бар, деп ойлаймын. Қазақ әдебиетінде мұндай естеліктер жазылған жоқ. Мен мына Америкада бір әдебиетші, «Голос Америкада» қызмет атқарады, үлкен әкесі Әдебиет институтының директоры болған, Алексей Пименов деген. Сол әңгімелесіп отырғанда мен: «Я скромностью не отличаюсь», – дедім. Яғни, сыпайылығым шамалы. Алғашында таң көрінді, кейін барып мойындады. Ол енді мақтанғаным емес, кейде шынды айту керек. Неге айтпасқа? Абай атам айтқан: «Сөзімде жаз бар шыбынсыз» деп, Мұхаң да айтқан лекцияның кезінде: «Менде Абай тілінің мәдениеті бар» деп, ол еш жерде жазылған жоқ, лекцияда естіген сөзім.

– **Қазір ең танымал пікірге айналды.**

– Сосын мақтанып, «Менде Абай тілі менен Өуезов тілінің мәдениеті бар» дегем. Ал естелік жазудың үлгісі мүлде басқа. Мына біздің алдыңғылардан ештеңе шығады деп ойламаймын мен. Қазіргі жастар кейінгі заман туралы жазған кезде, олар жақсы жазуға тиіс. Енді бұл да бір жанр ғой. Қазақ әдебиетіндегі дамымаған жанр болатын. Теріс бағытта кеткен жанр болатын.

– Енді осыған жалғас менде бір сұрақ бар. Мынау «Аласапыранды» жазғанда, қазаққа қаншама жаңа сөз енгіздім, деп айтасыз. Қазақтың қазір бай, көркем тілі, сөйлеу мәнері, сауаты бұзылып бара жатыр, жыл өткен сайын. Жалпы енді қазіргі жазып жүргендерде, жазарман қауымда Абай мен Әуезовтің, Мағауин мен Кекілбаевтыңтың мәдениеті бар ма?

– Мәселе, әдебиет алға басады. Қазақтың прозасы ХХ ғасырда туды. Абай қанша көркем болғанмен де, тілі қанша бай болғанмен де, көп сөзді қамти алған жоқ. Ол – поэзия ғой. Көп сөз қамтылған мәдениет Әуезовте болды. Бірақ Әуезовтің прозасы да қазір үлгі болмайды. Әдебиет алға басады. Мен жақында төрт томды оқып шықтым, [«Абай жолының»] иә, қайран қаласың жоғарғы мәдениетіне. Тіл мәдениетіне. Табиғат суреттеріне. Мына француздың суретшілерінің мәнері бар, импрессионистердің мәнері бар. Содан кейін барып, модернистік мәнер бар. Табиғат мүлде өзгеше. Әлем әдебиетінде Әуезовке тең келетін пейзажист жоқ. Біз оған лесе алмаймыз, тұтастай алғанда. Сосын характерлер, мінездер қалай жасалған Әуезовте. Бірақ сол Әуезовтің өзінің заманы басқа еді ғой. Таршылық заманда өмір сүрді ғой. Ал қазір өріс кең. Оның үстіне қыркыншы жылдарда жазылған проза, одан бері алпыс-жетпіс жыл өтті, проза алға басады. Бүгінде тіл мәдениеті, сөйлем құрау мүлде басқаша. Мен өзім жазуды бастаған кезде, бірден, көп эксперимент деп айтпаймын, жаңаша жазуға тырыстым. Сөйлем, сөйлемнен бастап. Күрделі, құрмалас сөйлемдер. Мұханда күрделі құрмалас сөйлемдер жоқ екен. Көбіне 4-ші кітапта ғана бар құрмалас сөйлемдер. Көбіне жай сөйлемдер. Ал енді орыс әдебиетінде, неміс әдебиетінде, жалпы әлем әдебиетінде құрмалас сөйлемнің үлгілері бар ғой, неше түрлі. Сосын дүниеге көзқарас бар. Мана Рамазан Тоқтаров Абай жөнінде роман жазыпты. Ол өзі дос жігіт, менде журналда орынбасар редактор болды. Орынбасар бас редактор, мен бас редактордың орынбасары демеймін, орынбасар бас редактор. Содан Абай жөнінде роман жазыпты дейді. Сыйлыққа ұсынып жатыр дейді. Маған «Жұлдызға» басуға Тұрысбек әкелді. Мен айттым: «Баспаймын, – дедім. Баспаймын, болды!». Әуезовтен соң Абай жөнінде жазудың өзі – ол мазақ. Сосын өзімен сөйлескенде айттым. Бізде жалғыз роман бар, енді сонымен жағаласасың ба. Соны сыйлыққа ұсынды, Мемлекеттік сыйлыққа. Тағы да ортадағы жігіттерді салды, жаңағы Тұрысбекті. Сосын мен айттым: «Рамазан жақсы шығарма жазды, нашар шығарма да жазды. Мен кез келген жаман шығармасына көңіл үшін дауыс берер ем, бірақ мынаған дауыс бермеймін, қарсы беремін, сүй дедім, иә. Ал сонда не жаңалық бар, өзінше Мұханды, Рамазанды қарап отырғанда. Кенесары жоқ, Құнанбай жаман адам боп көрінеді, ендігі кезекте Құнанбай жақсы адам, билер де жақсы. Ол – Әуезовтің кемшілігі емес, заманның қыспағының нәтижесі. Ол Рамазан емес, кейінгілердің артықшылығы емес, ол заманның алға озғаны. Сондықтан да заман алға озған кезде, басқаша жазылады, алға қарай дами береді. Тоқтап қалмайды әдебиет бір орында. Мұхаң енді – қазақ прозасының ең үлкен шыңы. Ең үлкен, ұлы жазушымыз. Ол кісі жөнінде айту – өте қиын. Тағдыры өте ауыр болды. Соңғы төрт-бес жыл өмірі ғана

тыныш өтті. Ал өткендегі бар уақытта қашан алып кетеді деп, ең соңғы елу бірінші, елу үшінші жылдарға дейін. Өте ауыр жағдай. Ондай жағдайда біз не болар едік, айту қиын. Енді Мұхаңа қатты ренжіген кезім болды, өкпелеген. Оны жаздым ғой деймін «Естелікте». Елу тоғызыншы жылы әдеби мұраға арналған ғылыми конференция болды, үш күн. Академияда. Біз ол кезде студентпіз, бара алғамыз жоқ. Сонда орташа әдебиетшілер, со замандағы Академияда, басқаша қарау керек, Шортанбай, Мұраттарды, Бұқар жырауларды басқаша зерттеу керек, ана Ғұмар Қарашевті жаңаша бағалау керек, деп айтып жатты. Содан Мұхаңды ЦК-ға шақырып алып, тапсырма беріпті. Мынаны тоқтатыңыз, деп. Содан Мұхаң сөйлеп, бәрін «кәкәй» деп жариялады. Мен оны жазғам, жаздым ғой деймін. Мұхаң қазақ әдебиеттану ғылымының дамуын отыз бес жылға тоқтатып қойды, деп. Тәуелсіздікке дейін тоқтап қалды. Енді ол – заманның ыңғайыменен болған іс. Түрмеде отырды, қудаланды, атылып кететін жағдайы болды. Сондықтан түсінуге болады, көп жағдайды. Бірақ, дегенмен де, заман ыңғайына көбірек жығылып кетті. Оны мен енді айтып қойыппын бір жерде. Кешегі Сібетқалимен сөйлескен кезімде. Ал енді Мұхаң, әрине, үлгі. Үлгі. Қазақ прозасының мәдениетін жоғары көтерді. Сәбит Мұқанов та жақсы прозашы болды. Тек бағыты – теріс. «Ботакөзді» оқып шықтым осы биыл, жылдың басында. Ой-й, жақсы жерлері бар, ана Итбай болыс, урядник Кошкин деген бар, губернатор келеді, құс салады, соның бәрі – тамаша! Урядник Кошкиннің ана кімді... Кенжетайды – Ботакөздің ағасын ұратыны, сабайтыны. Классикалық жерлері бар. Итбайдың тұлғасы, он алтыншы жылғы көтеріліс. Ал бірақ аяғында келіп, жаңағы Алаш Орданы жамандап, ұлтшылдықты жамандап, сөйтіп кететіні бар. Сондықтан «Ботакөз» романын қайыра басып қажеті жоқ. Ана мүмкін үздіктерін алу керек шығар. Ал «Өмір мектебінің» бірінші кітабының соңғы бір-екі тармағын алып тастаса, ол – ескірмейтін кітап. Екінші кітабы түгелдей ойдан шығарылған. «Жалақор кітап» деп айтамын. Басқадай үлкен [жарамды] нәрселері жоқ. Мүмкіндігі зор болған. Өте дарынды адам болған. Қазақшылығы да күшті болды. Бірақ заман бұзған оны. Заман бұзған адам. Енді Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» жақсы, жекелеген әңгімелері бар. Мұстафинді, оның «Миллионерін» өте жоғары бағалаймын. Рас, «лакировка» дейді ғой, сырлап көрсеткен, боямалап. Қараңыз бастан-аяқ, қандай бейнелер бар, тілі қандай тамаша! Енді ол да, Мұстафин де – заман өрісін аспаған жазушы.

– **Мына қазақ әдебиетінің келешегі туралы сөз қозғап жатырсыз ғой.**

– Келешегі өте жақсы.

– **Келешектегі әлем әдебиеті немесе қазақ әдебиеті қандай жанрда дамиды, деп ойлайсыз?**

– Мәселе былай: қазір әлем әдебиеті дағдарысқа ұшыраған. Ғаламат француз әдебиеті Екінші соғыстың кезіне жетті ме, жетпеді ме, тоқырады. Ана кейін мақтап жүрген Камю, Сартр дегендерің бәрі – шамалы ғана жазушылар. Ромен Ролланмен бітеді француз әдебиеті. Ал енді жапон әдебиеті керемет өрледі. Жапон әдебиеті Х ғасырда ұлы роман туғызған. Мурасаки Сикибу «Гэндзи моногатари» деген, Гэндзи туралы хикая. Х-ХІ

ғасырлар тоғысында жазылған. Жапондар 80-жылға ғана дейін өте қатты көтерілді, ғасырдың басынан. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Нацумэ Сосэки шықты. Содан кейін Акутагава әлемдік деңгейге жетті. Кейінгі үлкен жазушылар – он бес-жиырма. Мен 70-ші жылдардағы бір мақаламда «қазіргі замандағы жапон әдебиеті әлемнің алдында» дегенім үшін ЦК-ға арыз жазып, біраз әуре қылған баспадағы кісілерді. Содан ең соңғы классик жазушы – Кобо Абэ болды. Ол Нобель алмай кетті. Мисима Нобель алмады, ол да жақсы жазушы, өте жақсы жазушы. Бірақ Кобо Абэні жоғары бағалаймын. [Кавабаба мен] Кэндзабуро Оэ алды. Бұдан кейін, сол сексенінші жылдардан кейін жапон әдебиеті де тоқырады. Латын Америкасы әдебиеті елуінші жылдардан бастап көтерілді. Мен өте көп оқығыш адаммын. Әлем әдебиетін, Жапонды ерте оқыдым, жұрттың бәрінен бұрын деп айтайын, қатарластарымнан бұрын. Латын Америкасы әдебиетін аштым өзім үшін, студент кезімде. Төлек Тілеуханов деген досым болды. Соған айттым мен: «Алдағы заманда Латын Америкасының әдебиеті өте жоғары деңгейге жетеді», деп. Неге? Өйткені орыс әдебиеті де ХІХ ғасырда күрт дамыды. Тіл бар, мәдениет бар, батыс әдебиетінің үлгісі бар, француздың, ағылшынның, немістің әдебиетінің үлгісі бар. Тақырып мол. Табиғат өзгеше, бұла табиғат. Сол жаңа тақырып, жаңа адамдар. Осы ұтымды сыпаттарды дамыған еуропа әдебиеттерінің үлгісіне салған кезде, Толстой, Тургеневтен бастап, Гогольден бастап, Достоевский қатарлас ұлы жазушылар... Бұрнада жазғаным бар: «Орыстың екінші қатардағы жазушыларының өзі, әлем әдебиетінде бірінші орынға тұруға лайықты», деп. Сол сияқты Латын Америкасы. Дәстүр бар – Сервантес пен Лопе де Вега, испан тілі – дамыған тіл, мәдениетті тіл. Енді мына жаңа құрылықта жаңа тақырыптар, жаңа адамдар бар. Сол мен алғаш оқыған жазушыларымнан бастап, алғаш Грассилиано Рамос қой деймін, Латын Америка әдебиетінің болашағын өте жоғары бағаладым. Содан кейін дүрк өрледі, мақталды, сосын олар бірін-бірі көтеріп әкетті. Бірін-бірі көтеріп әкетті. Бізде өзі болса, басқа ешкімге жол бергісі келмейді. Ол – дамымаған халықтың, дамымаған әдебиеттің көрінісі. Есенберлин ғана болды бізде, төңірегін түгел жарылқап, бәрін жоғарыға ұсынып, Москваға өткізіп, сөйтіп жүрген. Иә. Бірін-бірі көтеріп әкетті. Бірақ сексенінші жылдан бастап Латын Америкасы да дағдарысқа ұшырады, өйткені жазатын нәрсе қалған жоқ. Ал ағылшын әдебиеті ХІХ ғасырдың соңына таман дағдарысқа түсскен еді. Диккенс болды, Теккерей болды, енді кейінгілер жаңа тақырып іздей бастады. Жазылып қойған көп нәрсе. Сосын Киплинг шықты, Үндістаннан. Содан кейін барып «отарлық романдар» деген шықты. Хаггард, Африка тақырыбында, үндістер тақырыбында.

– **Өзіңіз де аудардыңыз ғой?**

– Иә, соның бәрі – әдебиетті тоқыраудан құтқару жолындағы амал-тәсіл. Ал қазақ әдебиетінде ондай жазылмай қалған нәрсе көп. Түгел жазылып кеткен жоқ, жазылмаған нәрселер көп. Оның үстіне, тақырып бай, тарихи тақырып өз алдына, бүгінгі заман. Енді арғы тарихқа қарайтын болсақ, айналып кеп, бәрі түгелдей қалмақтарды жазды. Қалмақтан май шыққан жоқ. Оны бір жазды, екі жазды, неше жазды. Енді осы кезде Алтын

Орданың ыдырау кезеңі қым-қуыт. Ноғай Ордасының тарихы тұр. Қазақ хандығының құрылу кезінің алғашқы тарихтары ғаламат. Бұхармен соғыс, қазір тыйым жоқ оған. Моғолстанды жаулау, толып жатқан мәселелер бар. Ал қазіргі заманды алсақ, Тәуелсіздік жариялаған кезден бастап, қаншама хикмет. Қаншама жаңа адамдар шықты, зұлымдар шықты, жебірлер шықты. Сұмдық тақырыптар ғой. Назарбаевтан бастап, соның төңірегінде жазатын болса. Сосын әрқилы интригалар, заманның өзгеруі, бәрі. Тақырып өте мол. Оған енді біздің уақытымыз өтіп кетті.

– **Жазушылар неге бармай отыр?**

– Оған өресі жетпей жатыр. Мүмкін жаңағы жас жазушылардың жазғандары бар шығар. Менің қолыма түспейді. Романдар жазылып жатыр, дейді. Повестер жазылып жатыр, дейді. Бұл жаңағы мен айтқан қырық прозашы, бәрін түбіне жеткізеді.

– **Жақсы. Енді осы жуырда Тұрысбек Сәукетаевтың сұхбатын көріп қалдым. Сосын журналист сұрақ қойды: Нобель сыйлығын алуға лайық жазушы бар ма, қазақта? - деп. Ол кісі Нобель сыйлығын алатын жазушы бар, бірден-бір жазушы – Мағауин, деп атады. Енді әлемнің ортақ тілі – ағылшын тілі. Ағылшын тіліне аударылған шығармалардың көбі Нобель сыйлығын алып жатады. Әлемдегі өзіңіз «озық» деп санайтын қай жазушылардың алдында не кейін тұрмын, деп бағалар едіңіз өзіңізді?**

– Мен ешкімнен кейін тұрған жоқпын, бәрінің алдында тұрмын, деп ойлаймын. Өткен заманымен өлшеп қарағанда, әрине алдымызда тұрғандар бар... Ал менің тұсымда, туған халқына мен сияқты қызмет еткен қаламгер болған жоқ. Ешбір жұртта. Өйткені олар отар елдер емес. Мен баяғыда жазғанмын: «Отар елден шыққан қаламгердің соры да бар, өзгеше бақыты да бар. Өйткені соры – екінші қатардағы халықтан шыққан соң, еленбейді. Бақыты – ешкім жазбаған тақырыпта жазады. Әлем халықтарының ішінде езілген халық, отар халықтың психологиясын біз ғана жаза аламыз», – деп. Ал осының бәрі салыстырмалы түрде ғой, қалай дегенде. Енді ана аудару жөнінде бағана айттық қой, аударма – мақсат емес. Аудармамен орташа, екінші дәрежедегі емес, алдыңғы кезектегі жазушылардың өзі жақсы нәтижеге жетуі неғайбыл. Бізде, мысал үшін, біздің заманымызда «Советский писатель» баспасынан басылу – үлкен мәртебе болатын. Менің төрт том кітабым шықты. Әңгімелер мен повестер шықты, повестер жинағы шықты, содан кейін барып «Известия» баспасынан үлкен бір томдығым шықты жазылымға арнаған. Сосын «Советский писательден» «Аласапыран» екі кітабы бірігіп шықты. Ол – мәртебе болатын сол кезде, сыртта басылу. Мәселен, біздің орташа саналатын бір-екі жазушы шығып кетті «Советский писатель» баспасынан. Содан кейін айтады: О-о-о, «Советский писатель» баспасы не болған, ана пәленбай да шықты. Мен айттым, дұрыс емес сендердікі, дедім. «Советский писатель» баспасында ешқандай тамыр-таныстық жүрмейді. Оларда қойылған меже бар, планка. Мысал үшін, 1 м 50 см-ден қарғып өту керек деген. Рецензияға береді, 1 м 50 см-ден артық болғанның бәрі басылады. Ал енді Орта Азияның әдебиетіндегі ең мықты жазушылар –

қырғыздың, өзбектің жазушылары біздің орташа жазушылардың деңгейінде ғана дедім. Біздің орташа жазушылардың деңгейінде ғана, сондықтан басылғаны дұрыс ол. Аналардың мақтаулы жазушыларынан бірде кем емес. Бізде отарлық сана, «комплекс» дейді ғой орыстар, кемшілік сана бар, иә. Ана жақтан, және өзімізде, әй, ойбай, Распутин, Белов сияқты жазыңдар, деп сыншылар бізге ақыл айтатын. Ол мысал үшін де, біздің сирағымызға келмейді. Қазақтың орташа жазушысының дәрежесінде. Қалай болғанда да, ол – орыстың жазушысы. Распутин шовинист болатын. Ал енді өзіміздегі үлкен жазушылардың деңгейіне мен өз тұрғымнан қараймын, артықша бағалайтын да, төмен бағалайтын да кезім болады. Бірақ қазақ әдебиетінің деңгейі – өте жоғары. Алдағы уақытта үлкен биіктерге жетеді, деп ойлаймын. Ең бастысы, өзінің туған халқының қажетін өтеу. Қазір аударылып жатыр бәрі де. Қазір аударылып жатыр жаппай.

– Сол Тұрысбек Сәукетаев өткенде айтып қалды: «Мағауиннің шығармаларын мемлекет көңіл бөліп, өздері аударып, сондай бір қам жасау керек» деп.

– Енді мәселе былай: мен тарихты жақсы білген себепті, көбінесе басқаша қараймын. Ол аударылады. Мысалы түрік тілінде бұрын менің бір топ әңгімелерім шыққан. Сол жақтағы бір қыз. Енді бір қызымыз жақында аударып, тағы бір әңгімелерімді шығарды. Ал енді түрік тіліне аударылған қазақ жазушы көп. Осы жерде кім деген отырды, Тюрксойдың бастығы, он жыл бойы, Қасейінов деген. Өзі былай жақсы жігіт сияқты. Мен айтам: «Беті қандай жылтыр болса, іші сондай бұдыр» деп. Он жыл отырды, менің бір нәрсемді өткізбей қойды. Өйткені мен ана эмиграцияда жүрмін, «Жармақты» жаздым. «Жақпай қаламын ба жоғары жаққа» деп. Ең аяғы «Қазақ әңгімелер жинағы» шықты. Соған да енгізген жоқ. Аанада мен сексенге толып жатқанда телефон соғыпты. «Бір әңгіменізді, бірдеңенізді шығарайық, деп едік», – деп. Мен айттым Едігеге: «Аман болсын, ертең кетеді, уақыты бітіп қалды, сол кеткеннен кейін шығатын боламын мен», – деп. Одан мен азайып, көбейген жоқпын. Мәселе, аударылу – мақсат емес. Аударылған жақсы. Оның соңынан қууға болмайды. Мен енді еркін айта беремін. Мына кім деген... Дулат Исабеков деген әріптесіміз бар. Сол ағылшын тіліне аударылдым деп, жұрттың төбесін ойып кете жаздап жүр. Мен айтам, алдыменен ана біздің келінге – Дүкенбайдың бәйбішесі, Сәуле Досжанова, соған жетіп алсын. Пәленбай тілге аударылды. Біздің кез келген жазушы пәленбай тілге аударылуына болады. Ол уақытылы келетін нәрсе бәрі де. Сондықтан аударылдым деп мақтануға да болмайды, аударылмай қалдым деп, өзін кемшін санауға да болмайды. Уақыт кетеді. Қазір жалпы өмір деген өлшеулі нәрсе. Әрбір минут қымбат. Кейін жоқтаушылар шығады. Артында балаң бар, ие болып отырған барлық мұраға. Халқың бар. Сондықтан мен ешқандай қам жемеймін, ешқандай әрекет жасап та жүргем жоқ. Бірақ аударылу керек әрине. Оны мемлекет, сен айтқандай мемлекет қамқорлап, жақсы шығармаларды аудартып алу керек. Өйткені бізде дамымаған ғой. Орта дамымаған, әдеби сыншылық дамымаған. Кімді болса да, шығаруға керек.

– Енді ыңғайсыз болмаса, бір-екі адамның атын атасам, осы жерде. Біреуі енді Шаханов, біреуі – Исабеков. Олардың сіз туралы айтып жүргенінен құлақдарсыз ғой. Пікір алуандығы бар дейміз. Мысалы, Дулат Исабековтің өткенде: «Мағауиннің жазып жүрген тарихи романдарының көбі – көшірме», – деп айтып қалды.

– Неше түрлі нәрсе айтыла береді, оның бәріне мән бере беруге болмайды. Бірақ Шахановтан шыққан әңгіме, ол өзін соншалық құдіретті деп есептеді, Шыңғыс ханды теріске шығарғысы келді. Мен жай ғана бір мақала жаздым. «Шыңғыс ханның шарапаты» деген. Бұл жас жігіттерге тиісті, Шыңғыс ханды жақтайды деп. Ананың... Шахановтың атын атағам жоқ. Содан кейін мені тапап тастаймын деп, жаппай жорық бастады. Жақтастарымен. Сосын мен де қарсы сөйлеуге тура келді. Ал енді ол, мен айтайын, мүлде елеуге болмайтын адам. Суайт қой, өтірікші. Енді бұл сөздерімді шығарасыңдар ма, шығармайсыңдар ма, менің айтқан сөзім болсын. Оны жаздым мен. Қырық өтірік Тазша баладан озған, Сексен өтірік сақалсыз суайт, деп. Жағаласып қоймағаннан кейін, айтуға тура келеді. Оның өтіріктері керемет қой. Мәселен... «Мен Жапонияға барғанда менің өлеңдерімді Жапон тілінде айтып, қарсы алды мені», – деп. Содан кейін мазақ қылып жаздым. Мен Америкаға келіп түскеннен кейін Обама мені кездесуге арнайы шақырып, бара жатсам, Ақ үйдің алдында бір топ кара ала, торы ала американ жастары, қара нәсілдісі бар, ағы бар, Шаханов өлеңдерін ағылшынша айтып тұр екен, деп. Соны біреулер жазды, осыған сеніп, көре алмай отыр Мағауин мынаны, деп. Енді ол Шаханов туралы әңгіме айтып қажеті жоқ. Ал Исабековтікі қисынсыз нәрсе. Мен Тұрысбек Сәукетай сыйлыққа лайық, деп пікір жазып едім. Ол соған қарсы мақала жазды. Жазғанда, Тұрысбек жайына қалды, мен туралы. Бұл енді жауап қайырмауға болмады. Өйткені ішінде айтылған көп сөздер бар. Мен айтып ем. Содан ғажап қалдым. Бір-екі жігіт, өзім жақсы бағалайтын, біреуі – «Дат» газетін шығарған, қайратты азамат, қайсар, батыр. Екіншісі – менің «Бір уыс бидай» деген әңгімемді киноға түсіріп шығарған. Екеуі де – парасатты жігіттер. Мені сөкті. Бұл баяғы қазақы айтыс, деп. Біреу саған аузына келгенді айтып жатыр, жаппаған жаласы жоқ, сен жалаға жауап қайырған үшін жазықты боласың. Мен үндемей отыруым керек екен. Мен одан кейін тағы екі мақала жаздым. Ал Исабеков деген, тіпті, айтуға татымайды. Мен қайран қалдым. Біріншіден, жазу мәдениетінің төмендігіне, екіншіден, тарихи танымының соншалықты қораштығына, үшіншіден, соншама суайттығына. Енді кереметі: бұл кеше әлгі қазақтың жері сатылсын деп, ұран көтергендердің бірі болатын. Әуелде айтпап едім, айту керек екен. Содан кейінгі кереметі: бұл шімірікпей жала жаба береді екен адамға. Аузына келгенін айта салады. Әй, бұл сексенге келген кезде, лақ теке сияқты, жаңа шыққан мүйізінің түбі қышып, соқтығарға қара таба алмай отырған адам сияқты. Соңғы жаласына жауап беруге тура келді. «Бір қарт профессордың еңбегін аударып алған», – деген. Сол профессордың өз сөзін келтіріп, амалсыз бердім. Енді түйінді сөз айтуым керек екен. Айтпаса, болмайды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Рас, одан азайып көбеймеймін. Менің айтқаным бар баяғыда: «Мені қаралаған адамның өзі

қара бет болады. Маған соқтыққан адамның өзінің соры қайнайды», – деп. Біреулер айтты, біздің ығымызда, аузын бағып жүрген жас ақындардың біреуі, марқұм болып кетті, айтты: «Сонда Мағауиндікінің бәрі дұрыс па?» – деп. Айтқаным рас болса, ісім адал болса, неге олай айтпасқа. Жауап қайырғам жоқ бірақ. Соныменен осының бәрі, әйтеуір, әңгіме. Оның бәрін түгелдей шығара беріп керегі жоқ, жазылады бәрі. Ертең бәрі екшеліп шығады. Мен, дегенмен, қайран қалдым Исабековтің пәлекорлығына, жалақорлығына, аузына келген сөзді жауапсыз айта бергеніне. Бұл кейінгі жастарға қандай үлгі болады? Аузына келгенін айта салып... Ол да әжептәуір ақсақал деп есептейді жұрт. Сонда ол маған зорлық жасағысы келеді, ал басқаларға не істемек? Қайран қалдым, жаңағы екі жігітке қайран қалдым. Мені неге кінәлайды? Екеуі де парасатты жігіт. Әлдебіреу аузына келгенін айтып отыр мен туралы. Мен оған сыпайы түрде жауап қайырам. Енді бұл қазақтың пәлен-түгені деп, мені апарып тастайды біраз жерге.

– **Бұл не, аға, сонда? Шалағай әдебиетшілік пе, сауат аздығы ма? Неге ондай қадамға барады? Неге жала жабады? Исабековті айтамын.**

– Мен баяғыда жазғам: «Бұқар жыраудың үстінен ешкім арыз жазған жоқ», – деп. Бұқар жыраудың үстінен ешкім арыз жазған жоқ. [Патша заманында,] Махамбеттен басталды. Махамбеттен бастап жазды, содан әлі жазып келе жатыр, деп. Әлі тоқтай алмай жатыр. Ол енді таяудағы отыз жылда тоқтайды, тоқтамайтынын білмеймін. Өйткені, жаңағы – жаман үлгі кейінгі жастарға, жаман үлгі. Тұқыртуға тырысу, жала жабу, арттағы қолдаушысына сүйену дегеннің барлығы. Исабековтің жалақор мақалаларынан гөрі, жаңағы екі жігіттің мені кінәлағаны қайран қалдырды.

– **Біреуі – Ермұрат Бапи емес пе? «Даттың» редакторы Ермұрат Бapidі айтып отырсыз ба?**

– Айттым ғой, Ермұрат..

– **Бапи. Қазір депутат, иә.**

– Сосын анау кім...

– **Серік Әбікенұлы.**

– Екеуі де жақсы жігіт. Ұғымдары бар, түсініктері бар. Ал Ермұрат қазір Парламентте өте жақсы қызмет атқарып отыр.

– **Қарап отырсыз ғой?**

– Иә. Мен бәрін қарап отырамын ғой. Ондай жігіттер керек.

– **«Назарбаев дәуірі» деген бізде кезең болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдағы, биліктегі заңсыздық, жемқорлық туралы «Ұлтсыздану ұраны» деген еңбегіңіз 2003 жылы басылды. Соның ішінде айтылған ой-пікір бүгінде көп өзгерген жоқ.**

– Назарбаев жөнінде мен тірі кезінде айтқам деймін, орнында отырған кезде. Тоқсан үшінші ме, тоқсан бесінші жылдан бастап па, талай сөз айтылды. Жазылды, басылды түгелдей.

– **«Қазақсыз Қазақстан» деген мақалаңыз 2013 жылғы.**

– «Қазақсыз Қазақстан», одан бұрын «Ұлтсыздану ұраны» болды. Одан бұрын 95-жылы ма Академияда кездесу кезінде қатты айттым мен. Мен сонда Академияда: «Мына Академияны таратады», – дедім. Академияны

таратады, деп мен алғаш Сағадиевті сайлаған кезде айтқанмын. Ол ешқандай көріпкелділік емес, мен ана кісіні жақсы білемін, құрдасымды. Сол кезде Сағадиевті сайлаған кезде. Сағадиевпен студент кезден доспыз. Аанада Прагаға келіп, маған сәлем беріп кетті, бәйбішесімен бірге. Сол, бұрнағы кездесуде айттым мен: «Қасқыр қойды жек көргеннен жемейді. Мына таудағы резиденцияларың өте жақсы екен. Қалада тағы қаншама ғимарат, осының бәрін алу үшін Академияны таратады», – дедім. Ол сөздер түгел жетіпті жоғарыға. Сонсоң шынында таратты ғой. Ал Назарбаев жөнінде айтатын болсақ, «Ұлтсыздану ұранында» бар, әлемде неше түрлі патша болды, дедім. Данышпан патшалар болды, қолбасы патшалар болды, саясаткер патшалар болды, ақымақ патшалар болды, психикалық ауру патшалар да болды, бірақ халқын, елін жерімен қосып сатып жіберген патша бізге ғана бұйырды, деп. Әуел бастан көзқарасым менің. Басында үміт еттік, әрине, Президент болып отырғаннан кейін. Сол кезде бірден байқадым мен, бұл кездейсоқ келген адам еді. Бұл – Отарлық өкіметтің қойған адамы. Одан ары қарай отарлай беру үшін. Басқа кандидатуралар болды ғой. Әуелбеков болды. Мен айтам, Кәмелетдиновті қою керек еді, керек болса. Ол ақымақ, ұр да жық, көп ұзамай түсіп қалар еді. Ал мынау әуел баста қойған кезде... Горбачев деген зұлым адам ғой. Мен жазғаным бар: «Соқыр Мекалайдан өткен, мыйсыз Мекайыл» деп. Қазақта бар ғой, соқыр Мекалай, сондай соқыр, Мыйсыз Мекайыл. Сол «Желтоқсанды» ұйымдастырды, қазақты жаныштау үшін, басқаларға үлгі болсын деп. Қазақты сабап алса, басқалары тыныш болады, деп. Назарбаев әуел бастан қазаққа қарсы жұмыс жасады. Әлгі жемқорлық деген – әншейін, бір ғана нәрсе. Ең сұмдығы – қазақтың рухын жаныштады, қазақты тоздырды, аздырды. Голощекин отыз екінші жылы қазақтың үштен екісін қырып тастаса, бұл бүкіл қазақтың, бүкіл жан-дүниесін жоққа айналдырды.

– Назарбаевты айтып отырсыз ғой?

– Назарбаев. Бұзылды. Халық бұзылды. Оған менің бір айтқан сөзім бар, ана Мұхтар Тайжан деген бала бар ғой, сол келтіріпті: «Жұрттың ниетін бұзды», – деп айтты, деп. Ондай сөзді айтып жүрміз ғой талай. Ол жөнінде арнап жазатын шығармын. Ал енді отарлық заманнан кейін кездейсоқ келген адам. Отарлық заманның жалғасы – сол бұрынғы отарлау өкіметінің резиденті болды. Әрине, қазақтың, өзіміздің де кінәміз бар. Біздің қаламгерлер қауымы. Ешнәрсе ұмытылмайды, бірақ бізде тез ұмытылады. Мысал үшін, Мұртазаев Нұқ пайғамбарға теңеді. Иә.

– Назарбаевты?

– Назарбаевты. Мұса Пайғамбарға теңеді. Тағы біреуі Нұқ Пайғамбарға теңеді. Ол мақтағандардың бәрінің сөзі сақталып тұруға тиіс әр жерде. Бәрі шығады алдағы уақытта. Әуелден есіртіп жіберген біздің өзіміз.

– Бір нәрсенің шегін білмей, мақтап асыра сілтеп жіберуге дайын тұрамыз.

– Ол баяғыдан қалған ғадет қой, дарақылық, мәдениеттің төмендігі, ұлттық сананың жоқтығы. Сонымен байлық тапқысы келді. Сол адамдар герой болып шықты ғой, ақырында. Сол Мұртазаев «жер сатылсын» деп қол қойыпты. Жердің сатылуына бүкіл жазушылар қауымы қарсы болды.

Сонда жиналыс өткіздік. Алтынбек Сәрсенбаев ұйымдастырып. Шығармашылық ұйымдар: Суретшілер одағы, Композиторлар одағы – барлығы келді. Сонда қатты-қатты сөйледік. Мен алдында мақала жазғанмын. Мен де сөйледім. Кейін соның қорытындылары газетке шықты. Менің айтқан сөзімді ешкім шығарған жоқ. «Жұлдызға» бастырдым, ол екінші сөз болатын. Сонда Мұртазаев келмеген жиналысқа. Алдында: «Жерді сату – анасын сатқан есепті», – деп жүрген. Артынан: «Жерді сатқан дұрыс, мен мысалы бір жерде отырғым келеді пенсияға шыққан соң, сонда жерсіз қалай отырамын?» – деп. Парламентте Фариза екеуі қол көтерді, жерді сатуға. Үшінші жазушы болды жерді сатылуды қолдаған... Исабеков. Ол ана «Ауыл» деген партияның несі... орынбасар төрағасы болды. Соны естігенде, мен, өмірі өлең жазбағанмын, эпиграмма жаздым. Қалжың бір жағы: «Аты ДыТы, өзі ҚыТы, көсемі ҒыҚы, жазғаны БыТы» деген. Сонда аты «ДТ» – Дулат, өзі – Қоңырат, көсемі – Ғани Қалиев, «Ауыл партиясынан», айтқаны «БыТы» – жер сатылу керек деген балдыр-батпақ. Өткен жолы мақала жазған кезде, мен айтпай қалып едім. Өйткені сол кезде жазған мақала, айтылған сөзді таба алмай қалдым. Сонда үш жазушы қолдады жерді сатуды. Бүкіл жазушылар қауымынан қолдаған үш-ақ адам. Екеуі – шешуші дауыс, үшіншісі – ұраншы. Енді сүйткен Мұртазаев көсем болып жүр. Назарбаевты мақтаған пәлен-түгеннің бәрі. Ал енді Мұртазаев роман шығарған Тұрар Рысқұлов, ол – халқын сатқан адам. Жиырмамыншы жылы Қазақстан Республикасын құру кезінде бөгет жасаған, Түркістан Республикасын құрамыз деп. Мына бүткіл Оңтүстік өңір Түркістан Республикасының құрамында болды басында. Сонда Бөкейханов бастап, біздің Ахандар, Жақандар – бәрі «Алаштың» көсемдері, әрең айырып алды ғой Түркістан Республикасынан тұтас үш облысты, жерді қайта жинағанда. Ал кейін колхоздасу жоспарында Министрлер кеңесінің орынбасары, графикті өзгерткен. Әуелі, Қазақстанда колхоздасу 35-жылға дейін деп айтылған. Соны мейлінше тездетіп, 32-ші жыл деп жазған – Рысқұлов. Содан кейін барып халық қырылды. Қырылып болғаннан кейін мәселе көтеріліп, Орталық комитет шектен шығып кеткен Голощекинді орнынан алып, содан қорытынды жазу керек қой, жаңағы ЦК-ның қорытындысы, сол қорытынды пікір жазуды Рысқұловқа тапсырған. Ол аннан-мұннан алып құрастырған, енді құтқарушы болып шықты. Сондай-сондай, бізде батыр менен сатқын бірге жүр. Алаш Орданың көсемдерінің қатарына Сейфуллинді қосып жібереді. Рысқұлов онымен тоқтамаған. Ленин өлгеннен кейін, мен Ленинге өте дұрыс, жақсы қараймын, ол данышпан адам болған, көп нәрселерді басқаша түсінген, ұлт мәселесіне оңды қараған. Лениннің өзінде қазақ қаны болған болу керек, қалмақ деп айтады, мейлі. Ұлт мәселесіне дұрыс қараған. Ленин өлгеннен кейін, 21 январьда өлді ме, март айында, март әлде апрель айында Рысқұлов Сталиннің атына үлкен, көлемді донос түсіреді. Мен «донос» деген сөзді қолданамын, «алқаш» деген сөзді қолданамын. Қазақта жоқ сөздер, ол «маскүнем» деген болмайды, «домалақ арыз» деген бос сөз. Донос, ана 37-ші жылы 4,5 миллион донос жазылыпты Совет Одағында. Сол донос түсірген. Ленин өлгеннен кейін.

Ұлтшылдық, Қазақстанда ұлтшылдық бар. Бүкіл Алаш Орда мен көсемдердің көзін құрту керек деп, Сталинге жазған.

– Ол хатының көшірмесі архивте бар ма?

– Бәрі белгілі қазір. Содан кейін барып жауап бола қоймайды. Сталин жолдастың үлкен хатты оқуға уақыты болмай жатқан шығар деп, қысқаша жазып береді, екінші қайтара, жеріне жеткізіп. Бұл – 24-ші жылдың көктемі, апрель. Ал енді 28-ші жылы бүкіл Алашорданы тұтқынға алды ғой. Аймауытовтан бастап біразын атты. Әуезов пенен Әлімхан Ермеков аман шықты, қалғаны түгелдей айдауға кетті.

– Сонда Рысқұлов неге қазаққа жау болып отыр ?

– Енді ол неге қазаққа жау? Неге біреу ұрлық жасайды, неге біреу өтірік айтады, деуге болмайды. Балшабекке «жау» керек. Өзінің адалдығын әйгілеу керек. Кейін орныма таласа ма деген қауіп. Анығы – ұлтсыздық, азғындық. Содан енді Сәкен Сейфуллин осы кезде, май айында ма, Мәскеуге барып, ол да донос түсірген. «Алаш Орданы түгел құрту керек» деген. Мінекей. Әлі көсем ғой осылар.

– Енді сөйткен Рысқұловты Шерхан Мұртаза неге ұлықтап отыр?

– Енді жазды, жазды, жазды. Мұртазаевқа байланысты әңгіме көп. Мен шет жағасын Темірғали Нұртазин туралы естелігімде жазғам. Менің Толық жинағымның ішінде де бар. Соның бәрі – ұлт сатқындығы ғой, бәрін жөнелтті олар. Жақсы... Байтұрсыновтан бастап, Бөкейхановтан бастап түгел құртқан екен дейік. Ауылдағы сауаты бар мұғалімдердің бәрінің көзін жойған. Мысалғы біздің ауылда Қайсар деген мұғалім болған. Менің әкем оқып, алғаш сауатын ашқан адам. Алаштық көзқараста болған адам, сол да айдалған. Ауылдағы бұрынғы оқыған мұғалімдердің бәрін құртқан. Ол аз болғандай, аз-маз пікірі бар адамдарды түгел. Кездейсоқ қана аман қалған бірлі-жарым кісі. Біраз жұрт ана отыз екінші жылғы ашаршылықтан да кездейсоқ аман қалды. Ал санасы барлардың тұқымдары түгелдей дерлік құртылды. Енді біздің тұқым, менің үлкен әкем жақсы адам болған, бірақ ескіше ғана оқыған, қайраткерлік жоқ, сосын көлеңкеде, аман қалған. Біздің ауылдан шыққан белгілі бір адамдардың барлығын иә, Бегештің ұрпақтары, Шолтанай қажының ұрпақтары, басқа да белгілі әулеттің түгелдей көзін жойып жіберді ғой. Шақантай әулетінің ғана ұрпақтары аман қалды, өйткені көп болды олар. Енді Шақантай атамның жөнінде арнайы жазамын мен, менің тікелей атам емес. Менің атамның немере інісі, бабамның. Сонда кез келген ауылда осылай болды, барлық ауылда. Сөйтіп қазақ, біріншіден, демографиялық апатқа ұшырады 31-32-жылдары – жасанды демографиялық апат, көзі ашық, өмірге икемі жоқ адамдар көбірек өледі ғой, арты генетикалық апатқа ұласты. Бұдан соң сояу-сояу шығып тұрғандардың бәрін жұлып алып түгел көзін құртты, сөйтіп барып бүгінгі санасыз деңгейге жеттік. Әлі күнге дейін өтірік өрге басып келеді, біздің белсенділер.

– Енді Алаштықтар туралы жалпы Абай туралы да қазір бір тосын пікірлер айтылып жүр. Мысалы, Абай, қазақтың орыстанғаны Абайдан басталады деп пікір айтып жүргендер бар. Одан бөлек Абайды Алаштықтардың жобасы деп те айтады.

– Жоқ Абай бәрін түсінген. Абай атамыз данышпан адам болған. Ол қазақтың ұлы ақыны, теңдесі жоқ. Ол енді мына орыстың оқығандарымен жақсы болған. Орыстың оқығандары революциялық көзқарастағы, төңкерісшілік көзқарастағы адамдардың кейбірі Семейге айдалып келген. Солардан бәрін естіген, бар жағдайды. Сібірдің жағдайын да өте жақсы білген. Абайдың ауылына Сібірден қашқан шеркестер, қапказдықтар көп келген. Ат мініп, есін жиып, еліне кететін болған, еліне жетті ме жетпеді ме. Ал енді каторганың жағдайын жақсы білген. Қартайған шағында қорқақтаған, Сібірге айдап әкете ме деп. Сосын қоғамдық үлкен белсенді іске араласпаған. Бірақ Абайдың өлеңдерінде бәрі тұр ғой. «Мәз болады болысың, – Арқаға ұлық қаққанға, – Шелтірейтіп орысың, – Шенді шекпен жапқанға» – отаршылдыққа қарсы сөздер сол ғой. Қазақтың азып-тозғаны туралы қара сөздерінде бар. Бұрын былай еді, намысшыл еді қазақ, енді жақсы қасиетінің көбінен айрылды дейді, осының бәрінің астарында отаршылдықтың зардабы жатыр. Ал қазір былай, мен бұрын жазғам. Абай орыстың тілін біл дейді, дүниеге көзің ашылады дейді, ал соны қабылдағысы келмейді. Ол кезде дүниеге көз ашатын, дүниеге терезе ашатын жалғыз жол – орыс арқылы болды, орыстың тілі мен білімі арқылы болды. Қазір ағылшын тілін білу керек деп жатамыз. Біз Англия отарында болсақ, ағылшын тілін біл деп айтатын еді. Ол өте дұрыс әңгіме, оны қалай түсінуге байланысты. Қазірдің өзінде орыстың тілін білгеннің зияны жоқ. Білу керек, иә, орыстың тілін. Өйткені әлемдік деңгейдегі тіл. Екінші мәселе, ол – саясат мәселесі, орыстың саясаты қазір қазаққа қарсы. Абайға кір жолатуға болмайды. Енді кішкене артығырақ кеткен жерлері бар. Айтпайын десем де айтайын. Салтыков-Щедрин бар, Гоголь бар, өздерінің халқы туралы айтқан сөздері болды ғой. Өте қатты сөздер, ауыр сөздер. Сосын қазақты артығырақ мінеп жатқан жерлері бар. Өзі ортасында отырғанда қазақтың артықшыл жағдайын көп түйсінбеген. Сол өзі үлгі еткен өзбектен, татардан, орыстан артық жағдайларын Абай атам білмеген. Өйткені балық судың ішінде жүргенін білмейді ғой, сол сияқты. Сондықтан Абайды кінәлау, күнә арту орынсыз. Тойып секірген де емес, есіріп секірген болады ол.

– Аға енді балық суда жүзіп жүргенін білмейді дедіңіз ғой. Мынау енді көптеген жыл болды ғой сыртта жүргеніңізге. Сырттан қарағанда қазақ қоғамы сізге қалай көрінеді?

– Мен сырттан қарайды дейтін жағдай жоқ. Қазір интернет бар. Күн сайын қарап отырамыз. Тыныштық, жұмыс жасап жатырмыз, барлық жағдай бар. Қазақстанда отырсам да жазар едім. Кейде бетін, жүзін көргің келмейтін адамдар болады. Солардан аулақтадым. Ал енді шетке көшпей тұрғанда, арнап келіп, бір ай, екі айдан жатып жүрдім. «Меннің» бірінші кітабы түгел, екінші кітабының біраз жерін Прагада жаздым. Біржолата келгеннен кейін мен «Жармаққа» кірісер алдында, қолымды жаттықтырып, бір әңгіме жаздым. Содан соң ғана «Жармақ». Одан кейін тағы бірнеше әңгіме, повестер. «Шыңғыс ханның» төрт кітабын жаздым, содан соң барып үш том «Естеліктер» кітабын, «Алтын Орданы» жаздым. Өте жақсы жемісті еңбек еттім. Құдайға шүкір, денсаулығым жақсы болды. Қазір кішкене аз-

маз әлсіреп қалған сияқтымын. Мына тамағым қарылыққаны да – соның бір көрінісі. Енді алдағы уақытта үлкен кітап жазамын демеймін, өйткені оған уақыт көп кетеді. «Алтын Орданың» деңгейіндегі дәреже емес, бірақ жазатын шығармын.

– Жазсаңыз қандай тақырып көтерейін деп отырсыз енді?

– Енді «Естеліктерді» жалғастыруға болады. Содан соң барып көп қой. Оны айтпай-ақ қояйын, жазып жүргенімді айтпайтынмын. Бір шағын тарихи зерттеулер жасауым мүмкін. Өйткені тарихтың қалтарысы көп қой бізде айтылмаған, жазылмаған. Сосын өзіміздің ауылға байланысты бір жазайын дегенім, «Шақантай соғысы» дайын деректі хикая. Шақантай деген батыр бабамыз он жеті әйел алған, он үшіннен бала болған, жиырма екі ұлы, отыз қызы болған. Асыл тұқым, үлкен адамдар шықты, ірі адамдар шықты мына төңкеріліс кезінде, революцияның кезінде. Ақтардың ылаңы кезінде, Қызылдар жаңа орнаған кезде үлкен ірі қайраткерлер шықты. Ақтар жеңіліп қашты ғой Ақмоладан, Атбасардан. Сол жазғытұрым, мұз бұзылмай тұрған кезде отыз екі салдат келеді. Бөдес деген қажы атамыздың ауылына, Қондыбайдың Қарасуы деген қоныста, Шұбартау, қазіргі төменгі Шоқан, Сарғамыстың жерінде. Келгеннен кейін зорлық жасай бастайды. Қыздарына тиіскен бе. Ертең аман кеткеннің өзінде қатер, жаппай атып кетуі мүмкін, сосын аттарын ауыстырып мінуі анық. Бөдес қажы – беделді адам. Шақантайларды жинап жіберіп, түн ішінде жатқанда отыз екі адамды байлап алған. Байлап алып, содан кейін мұзды ойып, бір-бірлеп суға батырған бәрін.

– Бақанас өзеніне ме?

– Иә. Отыз екі салдатты. Ішінде бір татар бар екен, сол иманын айтып тұрды дейді. Соған қатты күйзелген екен. Бірақ шалдың айтқанына қарамай, батырып жіберген соны. Арбаларын суға ағызады. Содан кейін барып, отыз екі салдаттың кем дегенде отыз екі немесе елу винтовкасы бар. Жаңағы жігіттердің бәрі түгел бес атарлы винтовкаға ие болды. Қаншама қару-жарақ үстіне жүздеген, бәлкім мыңдаған оқ. Осыдан соң екеу, үшеу, бесеу, алтаудан қашқан Ақтар болатын, солардың үшеу, төртеуінің тарихын білем мен. Үйлеріне келіп қонады ғой. Аймауытовтың жазғаны бар, «Ақбілекте». Ауылға үш солдат келсе, түгел қырып кете жаздайды, қарусыз қазақ бәрінен қорқады деп. Сонда жаңағы бірлі-жарым, бір ретте үшеу-төртеу, бір жерде бес-жеті солдат, қалай өлтіргенін білем мен, олардың да қаруын алған. Содан енді Совет өкіметі орнаған кезде, колхоздасу басталған кезде, кем дегенде елу-алпыс винтовка болды. Сонымен қаруланып, Совет өкіметіне қарсы күресті ғой. Колхоздасу кезінде көп елді көшіреді Қытайға. Жабағытай деген бастап, Шәпет деген болған, Айдынкөл, Шалқар деген болған, Шақантайлар. Бұлар Қытайдың жолын біледі. Өйткені Абақ керей Қытайда отыр ғой жалпағынан. Біздің ауыл да керей. Ал революциядан бұрынғы уақытта тығыз қатынас болған. Барып, біздің әкелеріміздің тұсында, біздің аталарымыздың тұсында аралап, қыстап, жазда келіп, кейде қалып қойып сол жақта. Сондай жағдайлар, жолды біледі. Ана біздің Шыңғыстау шежіресіне байланысты жазғандар бар. Керейлер Қытайдың жолын біледі екен деп. Солар Қытайға

өтуге тобықтыларға жол көрсетеді. Сөйтіп, біраз елді көшірген. Әрбір жолы соғыс. Артынан қуып шыққан Кепеудің әскерлерін қырып-жойып. Сосын бұл жақта да жақсы адамдар көп шықты Шақантайдан. Ғалымдар, оқыған жақсы адамдар шықты. Әрқилы қызметкерлер. Сондай, қазақта болмаған жағдай. Мұндай қарулы қарсылық қазақта болған жоқ. Бұл ешбір тарихта жазылмаған. Мен роман жазам деп ойладым басында. Ол ойдан шығарыла берді ғой. Ал мынада нақты деректі шығарма.

– **Енді халықтың жазылмаған жарасының бірі – ол Жаңаөзен оқиғасы. Кезінде «Қан төгілді» деген мақалаңыз «Азаттыққа» шықты. Сонда оқыдық, сонда былай деп жаздыңыз: «Билік басындағы барлық әкім кара, ең үлкен жармағынан бастап, кіші жаңдайшабына дейін қазақ халқының өз өкіметі емес». Сол «ең үлкен жармақ» деп отырғаныңыз – Назарбаев қой?**

– Назарбаев.

– **Назарбаев қазір саяси сахнадан кеткені рас. Дегенмен Назарбаев әулетінің ендігі болашағы туралы не ойлайсыз?**

– Енді Жаңаөзен деген қасірет болды. Жаңа-Өзен сұмдығы – халықты атты ғой алғаш рет. Желтоқсанның кезінде атқан жоқ, күректің қырымен ұрып өлтіріп, тепкілеп өлтіріп, сөйтіп өлтірді ғой. Ал сонда, Жаңа-Өзен әңгімесі болып жатқан кезде, біздің қаламгер қауым, біраз зиялылар, әдебиетшілер атылған халықты кінәлады ғой.

– **Иә.**

– Атылған халықты кінәлап, оны атқанды ақтады. Анық. Содан мен, қырылып жатыр деп естіген бетте түршіктім. «Шыңғыс ханмен» отырып, жақсы жұмыс жүріп жатқан.

– **Ол кезде қайдасыз?**

– Ол кезде 11-ші жыл ма, Прагадамын. Содан ойладым: Мынау деген сұмдық, адам естімеген. Қазақ деген үлкен халық. Қаншама біздің оқығандарымыз бар, зиялыларымыз, қайраткеріміз бар. Сол айтады дедім, жұмысымды бұзғаным жоқ. Екі күн өткеннен кейін маған телефон соқты бір бауырым. Ол кезде бой тасалап, Эмиратта жүрген, атын айтпай-ақ қояйын, кейін айтармын. «Мынау масқара болды ғой, халық қырылып жатыр. Біздің зиялылар атқан дұрыс деп жатыр. Аға неге үндемей отыр?» – деп. Едіге маған айтты, мен күтіп отырғам, ешқандай әңгіме жоқ. Содан кейін түнде отырып жаздым, бір түнде, таңертең Едіге алып кетті де, апарып орысшаға, ағылшыншаға аудартып, сол күні шығарды.

– **«Азаттыққа».**

– Арада екі-үш күн өтіп кеткен. Бір аптадан кейін «Жас алаш» басты. Содан соң жұрттың тілі шыға бастады ептеп. Жаңа жылдан кейін түгелдей сайрап кетті. Сондай сұмдық, халық қырылып жатқанда, қырып жатқандарды мақұлдап, халықты кінәлап сөйледі. Ал енді мына кейінгі оқиғаның кезінде, «Қаңтар» дей ме?

– **«Қаңтар оқиғасы» иә.**

– Ал енді мұның бәрі бүлініп кетті. Мен кейде ескі атауларды қолданамын, халықаралық, январь деп. Бұл қаңтар емес, ақпан болу керек. Желтоқсан 12-ші ай, ақпан 1-ші ай, қаңтар 2-ші ай. «Ақпанның ақырған аязы» деген.

Мұны Өзбекәлі Жәнібеков өзгертіп жіберген. Ана көкек айын «Апрельский пленумді» «Кукушкин пленум» деп айтамыз ба деп, оны өзгертті, мына ай аттарын тағы да, білместіктен. Бүлдіріп кетті бәрін. «Январь қырғыны», енді «Ақпан қырғыны» немесе. Мұнда басқа жағдай. Басталған кезде мен жазайын деп ойладым, сөйтсем бәрі жазып жатыр. Заман өзгерген, адамдар өзгерген. Жаңа адамдар, жаңа ұрпақ шыққан. Шетте жүрген қазақтар, мұндағы қазақтар, бәрі жазып жатыр. Сосын мен жалпы жұртқа үн қосқандай ғана болатын болдым. Кейін жинақтап жазармын дедім. Өзірше сол беті қалды, әлі жазамыз алдағы уақытта.

– Дегенмен сол кезде жәбір көрген қазақ сізден бір сөз күтті, Мағауинді іздеді.

– Айттым ғой, менің жазуым шарт емес. Мәселе кімнің айтуында емес, не айтылуында. Он мәрте, жүз мәрте айтылды. Мен көптің сөзін қайталап қана шығатын едім. Бірақ ол деген – мен бас тартты деген сөз емес. Міне бізде қалай болады, бізде қызық. Жаңаөзен 11-ші жылы болды ғой. 19-шы жылы ма, 20-шы жылы ма, Әбдіжәміл Нүрпейісов айтты, Жаңаөзен дұрыс болған жоқ деп. Ойбай Әбекең солай айтты деп, Нүрпейісовті бәрі көтерді. Он жыл өтіп кеткен. Содан кейін тағы бірдеңе... Тәшенев жөнінде пәленбай жыл өткен соң айтты. Оны кезінде неге айтпаған. Ал кезінде айтпағанмен, біздің де сөзіміз сөз болады.

– Енді сол кезде Жаңаөзен оқиғасын «Хабар» агенттігінің журналисі «құтырған иттер» деп айтты ғой қатысушыларды. Сол сияқты енді Кекілбаев курстасыңыз кезіндегі. Бұны «ел естіп көрмеген сұмдық, мерекенің шырқын бұзды» деп жазды кезінде. Енді менде бір сұрақ бар, дәл Кекілбаев ағамызды енді ешкім мәжбүрлемеген шығар билік? Үндемей қалса да, болады ғой?

– Әбішпен бірге өстік. Өте үлкен қате болды өкіметке қызметке барғаны. Оны ешкім мәжбүрлеген жоқ, иә. Ақыры үлкен трагедиямен аяқталды. Ол трагедия болғанда, енді отбасын айтпайын, өзі ішқұста болды. Бұл біздің Маңғыстаудың халқы – өте ұлтшыл, ер халық. Бұл – Шыңғыс ханның ұрпағы, тікелей ұрпағы. Көбіне Шыңғыс хан шыққан рудан; мұңал деген моғұл жұртының нақты атауы, және қият. Ал енді сол халқы көкке көтеріп отыр. Мен Әбіш жөнінде қатты айтқым келмейді. Трагедия болды аяғы. Сол екі ортада не айта алмай, ол да кінәлаған сияқты болды ғой. Маған өте ыңғайсыз, өте, Әбіштің бір трагедиясы осы болды. Түкке керек жоқ оған, оған түкке керек жоқ еді мемлекеттік қызметтің. Жарайды Парламентте бастық болды, одан кейін кету керек еді, жабыспай. Біз қатты қолдайтын едік, мен де, басқасы да, Жазушылар одағының басшысы болып отырса, қарны ашпайтын еді. Атақ-абыройы жоғары болатын еді, мына қазіргісінен гөрі. Алай-бұлай деп маймөңкелегенмен де, ол өкіметтің қызметінде жүрген кезде жақсы болған жоқ, жақсы атақ қалдырған жоқ. Қателік болды үлкен. Жазу қалды жайына. Айтпайтын дүниелер. Мен айттым ғой, Абай атам жөнінде жаман айта алмаймын, Әуезов жөнінде жаман айта алмаймын, Әбіш жөнінде жаман айта алмаймын. Өйткені енді мен тірі жүрмін, ол кетіп қалды. Бірге өстік, бірге жүрдік, тілектес болдық бір-бірімізге.

– «Ескі Қазақстан», «Жаңа Қазақстан» қазіргі жазарман қауым бөліп жатыр. Ескі кадрлармен Жаңа Қазақстанды құра аламыз ба, жалпы?

– Ол енді ескі кадрлардың оңғаны жоқ, бірлі-жарымы болмаса. Бәрі де жемқорлық кебінен, жағымпаздық мектебінен өткендер ғой, түгел дерлік. Ал жаңа дегенді қалай таңдауға байланысты. Лайықты жігіттерден таңдайтын болса, лайықты азаматтардан жаңа адам шығады. Ал бірақ мына Назарбаевтың мұрасынан құтылу үшін... әй, отыз жылда құтылып бітпеспіз. Өйткені халқына қарсы қызмет жасау деген әдепке, әдетке ілігіп кетті, дәстүрге ілігіп кетті. Тек қана бір-ақ нәрсе, мысал үшін шетелдегі қазақтардың келуін. Әлі күнге дейін оған жол ашылмай жатыр. Ал мен енді «Алтын Ордадан» шаршаңқырап шықтым да, демалып жатырмын қазір. Жаңа жылдан кейін мүмкін кірісермін. Көп мақалалар жазамын. Демографиялық жағдай жөнінде, шеттегі қазақтардың Қазақстанға оралуы – оралмандар жөнінде. Міне, қызық, осы дарақылық бар ғой. «Оралман» деген тамаша сөз еді. Жабылып кеп соған жабысты. Жағдайды жақсарту туралы емес, «оралман» деген сөзге жабысты. Ал «қандас» деп шықты, не мәні бар? Түрік те қандас бізге, мысал үшін айтайық. Бәрі қандас. «Оралман» деген сөзді құртты. Жағдай жасау туралы, эмиграция туралы сөз болу керек еді. Көтереді, алады, кетеді дабырлап. Оралмандар жөнінде әлі де жазамын, жазатын нәрселер ойда бар, көп нәрсе. Екінші мәселе – жазғаныңды шығаратын жер жоқ. Әлі біздің баспасөз бұрынғы жалтақ, тұйық қалпында отыр. Бірақ енді менің өзімнің сайтым бар.

– **magauin.com**

– Иә. Оны көп жұрт біле бермейді. Соны айту керек пе? Осындай нәрсе шығарып жатыр деп. Тағы қандай сауалың бар, айта бер. Мен шаршамаймын.

– **Аға, енді дін тақырыбы қалып тұр. Діни ахуал күн сайын күрделеніп барады...**

– О-о-о, діни ахуал. Бұл жөнінде бұрын мен шет жағалап қана жазғам, бір жолы. Діни ахуал. «Дін деген – апиын» деген. Маркс айтты ма, Энгельс айтты ма, Ленин айтты ма. Оның мәнісін де ұғып жатқан ешкім жоқ. Апиын, аз ғана қолданса – ем, көп қолданса – ауру. Мен солай деп ұғам. Ал енді ХХ ғасырдың басында, ХІХ ғасырдың аяғында қазақтың зиялылары, оқығандары, қайраткерлері неге қарсы күресті? Отарлыққа қарсы әрекет жасады, дінге қарсы күресті. Дін деген – қараңғылық.

– **Қазір бірақ Алаштықтарды діншіл етіп көрсететіндер бар.**

– Ол бекер сөз. Қазір де қазаққа діншілдіктің түкке керегі жоқ. Бізге мәселе сұмдық болды, діншілдік деген. Дін емес, ғылым-білім жеткізеді мәдениетке. Мешіт емес, мектеп. Діншілдік өте күшейіп кетті. Рухани сусап отырған жұрт, бірден ойбай мұсылманбыз, деп. Мұсылмандықтың қаншалық пайдасы бар? Иманымыз дұрыс ал. «Лә иләһә иллә Алла, Мухаммад-ур-расул Алла» – Алла бір, пайғамбар хақ. Ал енді оның ар жағында бізге арабтың не керегі бар? Араб діншілдігінің? Мысал үшін айтайық. Оның бәрі – бізге жат, табиғатымызға жат нәрсе. Сондықтан діндарларға қарсы көп зиялылар, көп қайраткерлер жаппай хат жазды, салафизм мен уахабизмге қарсы. Жалпы діншілдікті азайту керек. Мен

онда да, мұнда да қолым тимей жүрді. Жазам ба деген ойым бар, таратып айтпайын. Жалпы қазақ діннен арылу керек. Кәдімгі зиялылыққа жету керек. Зайырлы мемлекеттік санаға жетуі керек. Қазір әсіресе балаларды бұзып бара жатыр. Кілттипан көп. Енді ойламаған жерде дін қазаққа қайшы болып шықты. Бұл діндарлар ойбай қазақтың дәстүр-салтын сақтандар, демейді. Қазақтың дәстүр-салтына қарсы, киіміне қарсы, киген киімдері жаңағы пәренжіден басқасының бәрі бар. Содан соң барып, қазақтың тілін бүлдірді тіпті. Ең аяғы, бейіт тұрғызуға қарсы. Келін сәлем бермеу керек. Қазаққа қайшы нәрсе, қазақты құртатын нәрсе, соның бәрі. Сондықтан, ол жай ғана тыйым емес, біразына заң жүзінде шара қолдану керек. Мысал үшін айтайық, мына салафиттер деген. Соның насихатшылары бар көрінеді. Мен нақтылап білмеймін. Енді анық нәрсе – Назарбаевтың бір інісі. Қазір жиен деп қойды, жиен емес, інісінің баласы. Отыр қазір. Тап осылай мемлекет тарабынан, Назарбаевтың өзінің тарабынан қолдау алды. Өйткені, [әрқилы дін] қазақты екіге бөледі. Оның насихаты – үкіметке қарсы болмау керек, деген. Мыйы айналып жүреді.

– Билікке тиімді болды ма, сонда?

– Иә. Мемлекеттік, ұлттық санадан айырады. Сондықтан мемлекетке қарсы жасалған, қазаққа қарсы жасалған қылмыс болатын. Мен енді арнап жазамын деп отырмын. Айтатын әңгіме-сөз көп бұл тарапта. Қалай болғанда да, біз алдымен қазақ болуымыз керек.

– Аға, енді жалпы қазаққа дін қашан келді? Қашаннан бастап қазақ діншіл бола бастады?

– Жоқ, оның тарихы белгілі ғой. VII ғасырда... VIII ғасырдың басында келді. Содан ислам діні басқа діндермен аралас жүрді. Күшейген кезі – кімнің... Өзбек ханның кезі, Алтын Ордада. Содан күні кешеге дейін қазақтың діні белгілі мөлшерде ақылға сыйымды болды. Соның өзінде күшейіп бара жатқанда, XX ғасырдың басында біздің зиялылар дінге қайшы шықты.

– Кімдер бар, олардың қатарында? Алаш зиялыларының қатарында нақты кімді айта аласыз?

– Енді Сұлтанмахмұттың жазғаны бар, басқа зиялылардың жазғаны бар.

– Енді, аға, мына сіздің ең басты еңбектеріңіздің бірі – жыраулар мұрасы ғой. Жыраулар мұрасы. Оны оқыдық, жаттап өстік. Дегенмен кейінгі бір жылдары «Он ғасыр жырлайды» болып, жинақ басылған екен. Соның қатарында редколлегия мүшесі деп, сіздің есіміңіз тұр, Бекболат Тілеухановтың есімі тұр. Содан кейін Доспамбеттің жырындағы Тәңір сөздерінің барлығы «Аллаһ» деп өзгертілген. Аллаға өзгертілген. Бұл енді әдебиетке, тарихқа жасалған қиянат емес пе?

– Ол енді ең үлкен еңбегім – ескі жыраулардың мұрасын қалпына келтіргенім дер едім. Мен жазғаным бар: «Егер мен болмасам, басқа бір жазушы болатын еді. Ал мына жыраулардың әрқайсысы бір-бір ғасыр», деп. Өзгерту, түзеу мүмкін емес. Қандай да бұрмалау – қиянат қана емес, дүмше сауатсыздық болады. Мен оны жас кезімде, жігерлі кезімде, ғаламат күшімді сап, құрастырдым. «Менде» жазылған бәрі де. Оны жарыққа

шығару қаншама қиындыққа түсті. Қаншама қудалау болды. Қаншама жүйкем тозды. Ең аяғы, Ленинградтан кітап шығару үшін де. Енді оның бәрі – жасалған еңбек. Оның бәрі прозаның есебінен болды. Енді ол бір заман. Мысал үшін, Абайдың алғаш жинағын шығарған – Бөкейханов қой. Бөкейханов келіп, Абайдың ауылына келіп, өлеңдерін жинаңдар, деп тапсырма береді. Кәкітай деген інісі жинастыра бастайды. Жоғалып кеткен, түгелдей таралып кеткен. Қолжазбалары сақталмаған. Бір үйге келеді, саған «Вадимді» беріп едік қой, қайда деп. Анау жоқ дейді, жырттылып қапты. Басын ғана береді. Ренжіді дейді. Айтпаған сөзі жоқ. Өуелде неге береді? Осы Бөкейхановтың тапсырмасыменен, Бөкейхановтың нұсқауымен жасалған нәрсе. Петербургта «Бороганский» баспасынан шықты. Ал енді әрбір Абай туралы сөз айтқан кезде, соны алғаш рет Бөкейханов шығарып еді, деп айта бермейміз ғой. Зерттеулерде ғана. Сол сияқты, «Алдаспанда» шыққанның бәрін еркін пайдалана береді. Ол аз болғандай, менің жазған ой-пікір, өмірбаяндық деректерімді атымды айтпай пайдалана береді. Оның бәрі – халық үшін жасалған нәрсе, қуып түбіне жете алмайсың. Бізде әдебиеттану ғылымы өте төмен қалған. Әдебиеттану ғылымы артта қалған.

– **Неге?**

– Оның бәрі – отарлықтың зардабы. Сосын дамымаған мәселе болады ғой, дамымаған салалар бар, қазақтың үлесінде. Мысал үшін айтайық, Шәкерімді тану. Мен Ленинградта шығардым, жетпіс сегізінші жылы. Жеті-сегіз жыл соңында жүріп, ешкімге айтпай, жасырып жүріп шығардым алғаш рет. Және Шәкерімнің ғылыми өмірбаянын жасадым мен. Әдебиеттік орнын. Одан бұрынғының бәрі – бос сөз. Шәкерім болыпты деген ел аузында жүрген сөз. Ана Тәжібаевтың кезінде бір ауыз сөзбен бір бетке өлеңдерін берді. Шәкерім деген ақын болды деп. Құрғақ сөз. Шәкерімнің әдебиет тарихындағы орнын мен тағайындадым. Шәкерім ақталған бетте бірнеше мақала жаздым мен. Ең бастысы, одан да бұрын, жаздым және жарыққа жеткіздім. Ал енді сондай Шәкерімнің жер жүзіне таралған тұлғасы, кітабы атаусыз қалды. «Поэты Казахстана». Біреулер жазыпты, ойбай қысым азайған кезде шықты деп. 1978 жыл. Қысым ешқандай азайған жоқ. Мені әйтеуір соттап жіберген жоқ, заман өзгерген болатын ол кезде. Мәселе – әдебиеттану ғылымының артта қалғандығы. Бәрі де. Әдеби сын артта қалған. Әйтеуір қазақ әуел баста әңгімешіл халық болған. Сол себепті қазақтың прозасы дамып, біраз жерге барды. Басқа салалардың бәрі, тарих деген де мешеу қалған. Ең артта қалған ғылым қазақтағы. Тарих пен әдебиеттану. Мен тірнектеп жинап таптым, бүкіл, революциядан бұрын шыққан 500 кітапты, Академиядан 1800 папка қолжазбаны ақтарып қарап. Бәрін сол тірнектеп, бір жолдан жинап, бір өлеңнен жинап.

– **Иә, «Менде» де айтасыз ғой, қорғаған кезде. Әлкей Марғұлан Шалкиізді Шалгез деп атаған көрінеді.**

– Иә, Шалкиіз деп жазылған барлық жерде. Орыстар да солай жазған Шалкиіз деп. Арабша солай жазылған. Мәселе, бұл еңбегіңнің қаншалықты бағаланғанында емес. Мәселе, ең бастысы, идея не? Қазақ

деген халық болды. Қазақ хандығы, Қазақ Ордасы деген мемлекет болды. Сол мемлекеттің жоғары дәрежедегі әдебиеті болды. Толық сақталмағанмен, біршама мұрасы жетті. Мәселе сонда. Оны кім тапқаны, соншама мәнді емес. Бірақ оны зерттеушілер білу керек, айту керек. Мен жиырма төрт жаста болатынмын. Жиырма бес жасымда жазып біттім. Жиырма сегіз жасымда жарияға шықты, Есенберлин бастырып шығарды, кітап қылып. Одан бұрын мақалалар түрінде, жиырма шақты мақала шықты. Өлеңдер жекелей шықты. Содан кейін сол Есенберлиннің қолдауымен, баспада өзім отырғам орынбасар болып, «Алдаспан» жинағын шығардық. Оған қарсы жорық ашылып, «Алдаспанды» отқа жағып, турады, турап жіберді. Екінші жылы қайта бастырдық. Оның бәрі – күрес. Оның бәрі: жүйке кеткен, қажыр, қайрат кеткен. Менің бірбеткей жаңағы мінезім мен сенім. Сенімнің арқасында жарыққа жетті. Әйтпесе қоя салуға болады.

– Енді жаңа Алаш зиялыларын айтып жатырмыз. Кейінгі кезеңдерде осы Алаш зиялыларына арналған бірқатар фильмдер түсірілді. Міржақып, «Оян қазақ» сериалын өзіңіз көрген сияқтысыз. Пікіріңіз қандай?

– Өте жақсы. Өте жақсы, таңғаларлық жағдайда. Жас жігіттер ғой. Саналары уланбаған. Әртістер де, бәрі де. Бірақ бір ғана нәрсе, ақыры ұнамады маған. Бір жас жігіт барып, ана Министрге барып, Міржақып деген былай, Міржақып солай деп сөйлеп шығады, осыдан кейін бар мәселе шешіледі. Олай емес. Ондай оқиға қисынсыз. Арнайы комиссия болды, отыз адамнан құралған. Шәкерімнің комиссиясы болды алдыменен. Шәкерімнің комиссиясына мені кіргізбей тастады, Өзбекәлі Жәнібеков. Өйткені мен баяғыда жазғам, алдында кітапқа шықты ғой, мені кіргізген болса, Шәкерімді мен ақтап шыққан болам. Әйтпесе Өзбекәлі өзінің шығарған нәрсесі болады. Мұнысы шолақ ой. Кейін комиссияға енгізді мені. Аймауытов ақталған, Мағжан ақталған комиссиялардың бәрінде. Бірді-екілі кері тартып отырған адамдар болды. Бастаушы Жабайхан Әбділдин болды. Маркстіл философ, бірақ осы жолғы көзқарасы дұрыс. Содан кейін Міржақыпқа арнайы комиссия құрылды. Біз комиссия қорытындысын шығарып бердік. Содан кейін барып қана ақтамауға амал қалған жоқ. Ұқтың ба? Ал біреу арнайы барып Министрге шеше салады. Бұл енді сценаристің қатесі. Жаңағы бүкілхалықтық қолдаудың арқасында ақталды. Мен сол кезде күздігіні «Жұлдыз» журналының шаруасы, жаңа жылға жазылым бойынша Арқаны араладым, Қарағандыда болдым. Қарағандыда үлкен кездесу өтті, бір актовый залда, университетте ме. Сонда мен айттым: «Міне Шәкерім ақталды, Ахан ақталды, Мағжан ақталды, Аймауытов ақталды. Енді Міржақыптың кезегі тұр. Орынды шешім шығарылып ақталады», – деп. Сонда біреу сұрақ қойды. «Ол Амангелдіні өлтірді ғой, қалай ақталады?», – деп. Мен айттым: «Біріншіден, бұл – дәлелденбеген нәрсе. Екіншіден, өлтірсе несі бар. Міржақып біреу-ақ, Амангелді сияқты тоқымы кеппеген ұры қазақта көп болған», – дедім. Айтқан сөзім. Артықтау айтылған, дегенмен де. Ақыры

ақталды. Ол бүкілхалықтық ақтау болатын. Фильмде сол жер ғана қисынсыз, басқасының бәрі жақсы.

– **Ұнады ғой, иә?**

– Өртістер де түгел жақсы. Анау, басты рөлді ойнаған әртіс. Әлгі сатқын бар ғой, әуелде Міржақыпты насихаттап, кейінде арандатқан. Ол да жақсы шыққан. Азаматтардың бәрі оңды. Гүлнар апамызды жақсы көрдік, жақсы білдік, жақсы араластық, енді ақ шашы бар. Түрі кішкене нелеу, босандау. Бірақ ол да жаман емес.

– **Бақытжамал апамызбен отасқандарыңызға алпыс жылға таяп қалыпты, иә?**

– Енді мен сексен беске келгенде, қосылғанымызға алпыс жыл болады.

– **Енді өмір бойы жаздыңыз, қолыңыздан қалам түскен жоқ. Осы жазуыңыздағы апамыздың рөлі қандай болды? Жалпы жазушының жарына жүктелетін міндет қандай? Қарап отырсам, апамыз әлі де шайыңызды дайындап, сұхбатқа дайындады.**

– Ал енді баяғыда жазушының әйелі қалай болу керек деп, «Қазақ әдебиеті» газеті күйеулері туралы анкета толтыртты, мақала жазды. Содан мына кісі отырды. Көмектесейін бе десем, жо-жоқ, жуыма, жуыма деп, өзі отырып жазды. Жазғаннан кейін черновик, оны қайта көшірді. Оралханға, газет редакциясына, екеуін қоса апардым. Апайың – жеңгеннің жазғаны мынау деп. Сонда да жазушының әйелі қандай болуы керек деген сұрақ бар екен. Жазушының әйелі де кәдімгі әйел, бөгет жасамаса болды, дейді. Бөгет жасамау керек, дейді. Сол. Әрине бүкіл өміріміз бірге өтті. Енді ризамын. Алты баламыз бар. Жиырма бірдеңе немере, алты-жеті шөбере бар. Мен ұл мен қызды айырмаймын, бәрі бірдей маған.

– **«Соңғы сөз» деген сіздің мақалаңыз бар. Сонда жазасыз, соңғы лепес, қандай мәнісі бар, арман ба, өкініш пе? Жалпы енді тәуелсіздіктен кейін туған, санасы азат ұл мен қыздарға қандай айтарыңыз бар?**

– Советтік санадан тезірек арылу керек. Қазақтың ұлттық дәстүрін сақтау керек. Алаштан басталған қазақ зиялыларының үлгі-өсиетін ұстану керек. Әсіре діншілдіктен аулақ болу керек. Әсіре айкайшылықтан аулақ болу керек. Ең бастысы – адамның ары таза болу керек, сөзі дұрыс болу керек. Сосын кейінгі қыздар мен жігіттер өзіне лайықты жар таңдай білу керек. Балаларды жақсылап өсіру керек, қазақтың дәстүрі бойынша. Мен барлық уақытта қазақтың болашағына қатты сеніп келдім. Алғаш рет студент, тоғызыншы-оныншы класта отырғанда уайым түсті. Университеттің бірінші-екінші курстарында түні бойы ұйықтай алмай-тұғым. Алағызып ұйықтай алмаймын, «қазақ не болады?» деп. Целиный край дегенге жұмысқа барып қайттық. Өте ауыр жағдай. Орыс қаптап кетіпті. «Үстінді қайыстырып орыс басқан» деген Сұлтанмахмұттың өлеңі бар ғой. «Тітіреп қаһарынан жер мен аспан» дейді. «Үстінді қайыстырып орыс басқан, Тітіреп қаһарынан жер мен аспан», соны көрдік.

Сосын елу тоғызыншы жылы халық санағы жайында. Сонда Қазақстандағы қазақ 2 миллион 900 мың болды. Совет Одағы шегінде қазақ үш миллион алты жүз мың болды. Мен ол кезде демографияны оқи бастадым. Демография ғылымын мен жақсы оқып тексердім. Тарихи

демографияны, халықтың болашағы туралы. Отар халықтардың тағдыры туралы өте көп оқыдым. Американың үндістері. Басқа отарлы халықтардың тағдыры туралы. Содан кейін барып мен дұрыс қорытындыға келдім. Қазақтың болашағы зор деген. Өсеміз, өнеміз, ел боламыз деген. Сосын кейін біраз жерден айрылуымыз мүмкін. Бірақ бәрібір еркіндік келеді. Содан қазақ тезінен өсті. Мен 90-жылдары ма жаздым, 90-жылдардың басында ма. Қазақ халқының тағдыры қазақ әйелінің жатырында шешіледі. Құрсағында шешіледі деп. Тез өстік, тек сырттағы қазақтарды келтіру мәселесі әлі жөнге келмей жатыр.

Екі-ақ адаммен ашық сөйлесетін едім. Әбішпен. Өзіммен бірге өскен тағы бір жігіт болды, әдебиетші. Одан қауіптенетінмін, қай күні сатып кетуі мүмкін деп, ештеңе айтпаймын. Пікірімді айтып көргем жоқ өмірі. Кейін ұлтшыл болып шықты ол да. Бір досым, профессор досым. Сонда Әбішпен сөйлесем еркін, сосын Миши Юхма деген шыбаш жазушысымен. Мәскеуде, Шығармашылық үйлерінде бірнеше рет кездестік. Содан көп әңгімелесеміз. Тоқсан тоғызыншы жылы «Түрік дүниесіне қызмет» деген сыйлық алдым. Аңқараға барсам Шыбаштан ол да келіпті. Содан кейін барып маған елшіліктен кісілер келіп жүр. Мені алып жүр. Оған осында Түркияда оқып жүрген шыбаш студенттері ғана келіп жүрді. Сонда маған айтты: «Сенің арманың жоқ қой! – деп. – Тәуелсіздік алдыңдар, біз әлі отармыз, не болатыны белгісіз», – деді. «Сен баяғыда айтып ең», – деді. Менің қай сөз есімде қалады. «Сен айтқансың – деді. – Біз елу жылдың ішінде тәуелсіздік аламыз қайткенде», – дедің. Сонда мен айттым дейді: «Ана орыс басып қалған Целинный крайды қайтесіңдер?» – деп. Сонда сен айттың дейді: «Адам басын аман сақтау үшін, қолын немесе аяғын, дене мүшесін кесіп беруге дайын болады. Целинный крайды тастап шығамыз. Бірақ ақыр түбінде қайтып аламыз», – деп. Міне, аман-есен бәрі орнына келді. Бәрің аман шықтыңдар – деді. Сол бұрыннан болған нәрсе, талай айтылған нәрсе. Қазақтың әлі еркіндік, тәуелсіздік алатынын білдім, есептеп. Мен 2025-ші жылдың шамасында аламыз деп ойлады. Одан бұрын болып шықты.

– **Советтер Одағы құлады.**

– Иә. Елу жыл дегенім сол, бұл – 1975 жыл шамасы. Оны аңсаған адамдар болған шығар, ішінде жатқан бәрі де, сыртқа шықпай. Менің барлық жазуым қазақтың тәуелсіздігі, қазақтық ояну тұрғысында. Алаш Орданың жалғыз жалғасы мен болдым, елу жыл бойы, деп айтамын. Астамдық емес, шын ақиқат. Өйткені менің жазған еңбегіме қарасаңыз, «Алдаспан», «Аласапыран» – бәрі қазақтың ұлттық санасы туралы.

– **Енді әлеуметтік желіні... Көп айтады әлеуметтік желіде. «Мағауин елге қайтпай ма? Қашан қайтады?» дейді. Елге қайтасыз ба?**

– Жоқ, бармаймын.

– **Неге бармайсыз? Сағынбадыңыз ба? Сағынбайсыз ба?**

– Енді келіп қалдық. Былай бір жағдай бар, айтпаса да болады, айтпауға және болмайды. Бұрнада жазғам, маған тыныштықпен жұмыс жасатпас еді. Оның үстіне, шетелде бірер жыл тұрып үйренген адам, қайтып барғысы келмейді. Өйткені біздің қоғам – орыс қоғамы. Отаршылдықтың зардабы

әлі күнге дейін тұр. Сен көшеде еркін жүре алмайсың ең аяғы. Барлық уақытта бөгесіңге кездесесің. Айттым ғой, мен жаңалық аштым, деп. Неге менің кейіпкерімді жек көрді. Менің ұнамды кейіпкерімді. Жас жігіт, дарынды жігіт, ақылды жігіт, ұлтшыл жігіт. Неге жек көрді. Өйткені ол совет адамы [homo советикус] емес екен. Ал кейіпкер менің өзім бойынша жасалған. Мен де совет адамы емеспін. Сол себепті сәлекет боп көрініп тұрасың: сенің отырған отырысың, жүрген жүрісің, сөйлеген сөзің, адамдармен қатынасың – бәрі сәлекет болып көрінеді. Сол себепті, жек көреді сені. Совет адамы емессің сен!

Ал енді біздің орта оңалатын шығар, түзелетін шығар. Қазір жастар өсіп келе жатыр. Шетелге шығып, жастар көп көріп жатыр. Бірте-бірте оңалады. Бірақ оңалу өте қиынға түспек. Ескі зардаптар. Мен айттым ғой, 32-жылы ашаршылықта қазақтың үштен екісі өлді. Иә, Голощекин ашаршылығы кезінде. Ал Назарбаевтың билігі кезінде бүкіл қазақ жанынан, иманынан айрылуға жақындады. Манағы апаттан бірде-бір кем емес, артық болмаса. Қайта түзелу үшін көп жұмыс жасалуы керек. Ал енді менің қайда жүргенімнің ешқандай маңызы жоқ. Өйткені сөзім жетіп жатыр, жетпей қалған сөзім жоқ. Айтылмай қалған сөзім және жоқ. Осы бағанадан бері айтып отырғанның бәрі – бұрнада жүз рет айтылған сөздер. Ал енді саған көп рақмет. Мына...

– **«Халық үні».**

– «Халық үні» ұжымына рақмет, арнап жібергеніне. Айтқан сөзіміздің бәрі шығуы шарт емес, бірақ сен өзің түгендеп қоярсың.

– **Жақсы, аға, рахмет!**

– Мына түсіріп жатқан балама да рахмет!

– **Иә, Нүрдәулет.**

– **Жақсы, аға, өте қуаныштымыз, сұхбатымызға келіскеніңіз үшін, жүздескеніңіз үшін.**

– Жақсылықта, амандықта болайық.

Алғаш жариялануы – «Халық Үні» медиахолдингі, 5 қаңтар, 2024 жыл